Любой язык дает возможность получить знания о гендерной стереотипизации, т. к. эти стереотипы зафиксированы в структуре языка, как и многие другие социокультурные понятия. В лингвистике термин «гендер» определяет пол как лингвокультурный концепт, обусловленный национально-этническими стереотипными представлениями. По мнению лингвистов, результаты сравнительных ассоциативных экспериментов в иноязычных культурных средах обнаруживают существенные расхождения с данными, полученными в русскоязычной среде, что позволяет говорить о несовпадении стереотипов фемининности и маскулинности в разных культурах (см. [9], а также [4]).

Наше внимание привлекли проблемы сопоставительного анализа фразеологических единиц, рассматриваемые в контексте когнитивной лингвистики, лингвокультурологии, а также с позиции корпусной лингвистики. Целью исследования стало сопоставление языковых образов женщины в двух лингвокультурах – русской и казахской, лингвокультурологический анализ обобщенного образа женщины в исследуемых культурах, рассмотрение близких концептов: «женщина» в русском языке и «эйел» – в казахском и их синонимов, а также производных. Близость этих понятий основана на близости референтов.

Материалом исследования послужили 113 фразеологических единиц (75 фразеологических единиц в русском языке и 38 в казахском), содержащих семантический компонент «женщина», в русском и казахском языках, а также данные толковых, семантических словарей, словарей синонимов и фразеологизмов (см. [16, 17, 18, 19]). В качестве объекта исследования были рассмотрены и фразеологизмы, в которых имеются слова из тематической группы «женщина», но которые не называют лица женского пола (например, бабье лето).

Произведенный анализ позволяет выявить характеризующие каждую этнокультуру национально-культурные ценности, которым следует этническое сознание каждого народа. Так, в русской лингвокультуре значительное место занимают названия женщин по ярким признакам их характера и поведения, термины некровного родства; имеются названия явлений, ассоциированных в той или иной степени с женщинами, и фразеологизированные междометия. В казахской лингвокультуре значительное место уделяется одобряемой внешности женщины и ее качествам хозяйки дома и матери, термины кровного родства представлены более подробно, чем в русской лингвокультуре.

Понятие концепта стало закономерным продолжением семантических исследований XX в. Прежде всего, концепт – категория мышления. Он шире лексического значения слова. В содержание концепта входит наряду со словарным значением слова семантика, отмеченная лингвокультурной спецификой, характеризующая носителей определенной этнокультуры (см. Р.С. Аликаев, [С. К.Башиева](#) [3]. И. А. Стернин и З. Д. Попова предложили представлять концепт в виде полевой структуры, имеющей ядро и периферию [12]. К важным особенностям поля относится то, что оно имеет незамкнутую структуру, т. е. его объем исторически изменчив.

В русском языке концепт женщина репрезентируется не только на лексическом, но и на грамматическом уровне – это категория рода, которая реализует значение женского рода, добавляя грамматическое значение к лексическому. На уровне синтаксиса категория рода выражается в согласовании сказуемых с подлежащим и определений с подлежащим или дополнением, выраженными существительным женского рода. В казахском языке ввиду отсутствия грамматического выражения значения женского рода анализ производится на лексико-фразеологическом уровне.

В. А. Маслова называет фразеологические единицы «душой всякого национального языка, в которой удивительным образом выражены дух и своеобразие нации» [10, с. 82]. Важнейшим понятием фразеологической теории с самого начала и до настоящего времени является понятие «фразеологизм», которое современными учеными трактуется неоднозначно. Под фразеологическими единицами мы понимаем, вслед за А. М. Чепасовой, семантически связанные сочетания слов, которые «не создаются при порождении высказывания, а воспроизводятся в речи в фиксированном соотношении семантической структуры и определённого лексико-грамматического состава» [15, с. 4].

Фразеологические единицы-феминитивы неоднократно становились объектом исследования. Рассматривалась фразеологическая картина мира на примере гендерных фразеологических единиц и паремий в башкирском и казахском языках Буранкуловой Э.Т. [5], в казахской лингвокультуре Е.Р. Ратушной, Г.Н. Максеновой [13], в узбекском, казахском и каракалпакском языках Г.М. Исмаиловым [7], в казахском, башкирском и турецком языках Л. Х. Самситовой, Капашевой А.А., Капашева [14], в русском и казахском языках О.П. Касымовой, З.С. Сарсенбаевой [8] и др.

В русском языке все 75 фразеологических единиц с лингвокультурным компонентом «женщина» можно разделить на четыре группы по отношению к фемининному значению.

Первая группа, называющая женщин как биологический и социальный тип людей, самая многочисленная - 43 примера (60%). Внутри нее можно выделить 5 подгрупп: а) называющие всех женщин как биологический и социальный тип людей (слабый пол; шерочка с машерочкой); б) называющие социальный статус женщин по отношению к институту семьи (вековечная невеста, соломенная вдова, старая девка), в) характеризующие внешность женщин и косвенно характер (мужик в юбке; драная кошка); г) характеризующие характер женщин (базарная баба, царевна Несмеяна); д) характеризующие женщин через их действия (вешаться на шею, выходить замуж).

Рассмотренные фразеологизмы графически можно представить в виде поля, ядром которого является значение «женщина». В центре находятся ФЕ, называющие женщин как человека женского пола. На периферии находятся ФЕ, добавляющие к основному значению оттенки, маркирующие типичные признаки женщин. В процентном отношении базовый слой, ядро (ФЕ, называющие всех женщин как биологический и социальный тип), составляет 12%. Периферия составляет примерно 88%.



Диаграмма 1. Фразеологизмы, называющая женщин как биологический и социальный тип людей.

Вторая группа фразеологизмов представляет собой термины из разных областей знания: ромовая баба, материнская плата, бабье лето (13 ФЕ – 17%), с прямым и коннотативным содержанием слова женщина они связаны опосредованно.

Третья группа ФЕ характеризует какое-либо явление при помощи сравнения с женщинами: бабье царство, девичья память, женская логика (9 ФЕ – 11%). Это наименование носит, как правило, шутовское или ироничное значение.

Четвертую группу представляют фразеологизмы-междометия: Мать честная!; мать моя женщина, в которых слова «мать», «бабушка» и их производные служат для выражения эмоций, значение женскости в них минимализированно (10 ФЕ – 12%).

Статистические данные наглядно представлены в диаграмме 2.




Диаграмма 2. Фразеологические единицы концептуальной сферы «женщина» в русском языке.

Частотность употребления русских фразеологизмов мы определили по данным Национального корпуса русского языка (НКРЯ). Наиболее частотные фразеологизмы концептуальной сферы «женщина» в русском языке представлены в Диаграмме 3.




Диаграмма 3. Частотность употреблений фразеологизмов со значением «женщина» в русском языке (от 270 до 10 словоупотреблений на миллион словоформ) без учета синонимии

Анализ употреблений фразеологизмов, называющих женщину, которые зафиксированы в Национальном корпусе русского языка (НКРЯ), позволяет сделать вывод, что их речевая активность в целом падает [20]. В основном это фразеологизмы, впервые отмеченные в девятнадцатом веке. В двадцатом веке в русском языке зафиксировано появление фразеологизмов мужик в юбке, царевна Несмеяна и базарная баба, выражающих не свойственную классическому женскому образу черты. Этот лингвистический факт хорошо коррелирует с изменениями в жизни общества, с освоением новой для женщины роли равного с мужчиной специалиста, с утверждением ее нового социального статуса. Вместе с тем, фразеологизмы мужик в юбке и базарная баба имеют отрицательную коннотацию, которая обусловлена психологической неподготовленностью нашего коллективного языкового сознания к таким переменам.

Отсутствие статистики и достаточного количества примеров в Алматинском корпусе казахского языка не позволили нам провести такое же исследование для казахского языка [21].

Концепт «женщина» в казахском языке рассматривали Е. Р. Ратушная и Г. Н. Максенова на материале паремий. Они отмечают пониженный социальный статус женщины, отраженный в пословицах казахского языка, и «в целом отмечено преобладание положительных качеств над негативными, что свидетельствует об уважении к женщине в культуре казахского народа» [13, с. 290]. О. А. Агаркова и В. И. Ахметова в своей статье «Образ женщины в казахских пословицах и поговорках» также отмечают, что в позапрошлом веке «казахские женщины занимали очень низкое социальное положение, поэтому пословицы и поговорки часто имели отрицательное значение по отношению к женщине. Главная их задача состояла в рождении наследников» [2, с. 284]. В этой же статье, как и во многих работах, отмечается, что «незыблемой ценностью жизни является женщина-мать, представленная как кормилица, хранительница очага. Уважение и любовь к матери воспитывается с колыбели» [2, с. 285].

В казахском языке мы выделили 38 фразеологизмов со значением «эйел». По данным фразеологических словарей мы нашли только фразеологизмы, называющие женщин [16, 19]. Из трех других групп, выделенных нами в русском языке, мы обнаружили только один фразеологизм-термин эйел аурулары – женские болезни. Фразеологические единицы со значением «эйел» представлены пятью группами.

Первая группа – устойчивые обороты, называющих женщин как биологический и социальный тип людей (13%): ұзын етек – дословно «длинный подол», нәзік жыныс – прекрасный (нежный, слабый) пол.

Вторая группа самая многочисленная (48%), ее составляют фразеологические единицы, называющие женщину по отношению к ее социальному статусу (положение в семье, отношение к материнству, должность): ақ жаулық – белый платок (супруга, подруга жизни);

Третья группа – наименования женщин по их внешности (16%): ақша бет – белолицая, шүйке бас – маленькая головка.

Четвертая группа включает фразеологические единицы, именующие женщин по чертам их характера (5%): көк айыл – дословно «синяя истеричка»,

о вспыльчивой, раздражительной женщине; сары ала етек – желто-пестрый подол; о неряшливой женщине, замарашке.

Пятая группа включает фразеологические единицы, характеризующие женщин через их поступки, через типичные паттерны поведения (16%): көк инені көзіне түрте – не уметь даже вдеть нитку в ушко иголки (о женщине); ақ сүтін емизу; ана сүтімен кол салу – кормить грудью.

Статистические данные наглядно представлены в Диаграмме 4.




Диаграмма 4. Фразеологические единицы концептуальной сферы «эйел»/«женщина» в казахском языке

В обоих языках присутствуют основная сема «женщина/эйел» и одинаковый набор дополнительных сем, что позволяет предположить, что сформированные стереотипы ориентированы на одни и те же свойства женщин. В коллективном сознании русских и казахов важным является статус женщины в семье и обществе, внешность и характер женщины, во фразеологии нашли отражение действия женщины, типичные и не типичные для хозяйки и матери (см. Таблицу 1).

Таблица 1. Сопоставление русских и казахских фразеологических единиц со значением «женщина/эйел»

№№	Значение	Русские ФЕ	Казахские ФЕ
1	Женщина как биологический и социальный тип людей	12%	13%
2	Наименования женщин по их социальному статусу	44%	48%
3	Наименования женщин по их внешности	21%	16%

4	Наименование женщин по особенностям характера	12%	5%
5	Типичные для женщины паттерны поведения	12%	16%

Рассмотренные нами 75 фразеологических единиц в русском языке и 38 в казахском обнаруживают сходство и различие в гендерной части фразеологических картин мира двух народов. В обоих языках фразеологизмы концептуальной сферы «женщина» организованы по принципу функционально-семантического поля, ядром которого являются наименование женщин. На периферии поля расположены семантические группы, в которых к основной семе «женщина/эйел» добавляются разного рода оттенки значения.

Сопоставление русских и казахских фразеологизмов концептуальной сферы «женщина» позволяет сделать выводы о значительном сходстве фразеологических картин мира в двух лингвокультурах. В каждом языке имеются фразеологизмы, называющие женщин как биологический и социальный тип людей, названия женщин по профессии, по ярким особенностям внешности и поведения. Различия состоят также в том, что внешность женщины во фразеологии двух лингвокультур оценивается по-разному. В казахском языке во фразеологии маркируется привлекательная внешность (бұраң (қыпша) бел – гибкая талия; ақша бет – белолицая), в русском в составе фразеологизмов присутствуют преимущественно эмотивные семы негативного характера, отражающие черты внешности и характера женщин (синий чулок; чертова перчатка). В казахском языке отсутствуют фразеологические единицы, называющие одиноких и бездетных женщин, подобных русским ФЕ сидеть (остаться) в девках, Христова невеста. В русском языке имеются фразеологизмы, называющие некровное родство (названная сестра; сводная сестра), а в казахском – кровные родственные отношения, а также названия жены (туған қайын бике (апа) – родная сестра жены старшая; туған балдыз – родная сестра жены младшая; есік көрген – видевшая дверь, о женщине, побывавшей замужем). В русском языке представлены более разнообразные значения фразеологических единиц, называющих психологические типы женщин и их социальную роль, значительное место занимают названия женщин по ярким признакам их характера и поведения, в них есть негативные семы. В казахской лингвокультуре значительное место уделяется внешности женщины и ее качествам хозяйки дома и матери, в них присутствует положительная коннотация.

Литература

1. Абдувахабова М.А. Гендерные особенности как источники выявления различия между полами (на материале английского, итальянского и узбекских народных сказок)//Вестник Челябинского государственного педагогического университета. Филология и искусствоведение. № 10. 2012. С.204-211.

- 2.Агаркова О.А., Ахметова В.И. Концепт "женщина" в казахской и русской лингвокультурах//Достижения вузовской науки 2018. Сборник статей IV Международного научно-исследовательского конкурса. 2018. С. 138-141.
 - 3.Аликаев Р.С., [Башиева С.К.](#) ФЕ как транслятор этноспецифической информации // Вестник Пятигорского государственного лингвистического университета. 2010. № 4. С. 106-109.
 - 4.Бакушева Е.М. Социолингвистический анализ речевого поведения мужчин и женщин (На материале французского языка). Дисс. ... канд. филол. наук. М., 1995. 197 с.
 - 5.Буранкулова Э.Т. Особенности пословиц и поговорок гендерного значения (на материале казахского и башкирского языков)//Электронная письменность народов Российской Федерации: опыт, проблемы и перспективы. Материалы II Международной научной конференции. Под общей редакцией А.И. Акманова. 2019. С. 150-152.
 - 6.Досимова М.С. Национальная специфика языковой объективации концепта "женщина" (на материале русского и казахского языков). Автореферат дис. ... кандидата филологических наук / Воронеж. гос. ун-т. Воронеж, 2008.
 - 7.Исмаилов Г.М. Лингвокультурологическое исследование гендерного стереотипа в тюркской фразеологии (на материале узбекского, казахского и каракалпакского языков)//Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. 2017. Т. 14. № 1. С. 85-92.
 - 8.Касымова О.П., Сарсенбаева З.С. Концептуальная сфера «женщина» в русском и казахском языках (на примере фразеологизмов). Уфа:РИЦ БашГУ. 2022. 184 с.
 - 9.Кирилина А.В. Гендерные исследования в зарубежной и российской лингвистике (философский и методологический аспекты) // Общественные науки и современность. 2000. № 4. С. 138-143.
 - 10.Маслова В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2001. 208 с.
 - 11.Мокиенко В.М. О фразеологическом уровне языковой системы // Вестник Кыргызско-Российского Славянского университета. Серия Гуманитарные науки. Том 17. № 9. – 2017. – С. 146-150.
 - 12.Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. М.: АСТ, Восток-Запад. 2007. 315 с.
 - 13.Ратушная Е.Р., Маскенова Г.Н. Концепт "женщина" в казахской лингвокультуре (на материале пословиц и поговорок)// Современный ученый. 2017. № 4. С. 287-291.
 - 14.Самситова Л.Х., Капашева А.А. Концепт "женщина" в языковой картине мира (на материале казахских, башкирских и турецких народных пословиц и поговорок)//International Scientific and Practical Conference World science. 2016. Т. 2. № 11 (15). С. 51-54.
 - 15.Чепасова А.М. Семантические и грамматические свойства фразеологизмов: Учеб. пособие к спецкурсу. Челябинск : ЧГПИ, 1983. 93 с.
- Словари

16. Русско-казахский фразеологический словарь. Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік. Алма-Ата: Наука КазССР, 1985 Алма-Ата: Наука КазССР, 1985. 220 с.
17. Фёдоров А. И. Фразеологический словарь русского литературного языка. М.: Астрель, АСТ. 2008. 878 с.
18. Фразеологический словарь русского языка / Под ред. А. И. Молоткова. 6-е изд., испр. и доп. М., 2001. 510 с.
19. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі)/ Құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. — Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.
- Электронные источники
20. Национальный корпус русского языка. URL: <https://ruscorpora.ru/new/>
21. Алматинский корпус казахского языка. URL: http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=ru

ПРОФЕССОР Қ.Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

САДУАҚАС НҮРБОЛ АБДУЛЛАҰЛЫ

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақ халқының ХХ ғасырдың бас кезеңінде өмір сүріп-еңбек еткен біртуар азаматтарының бірі, талантты ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болатын. Ол қазақ филологиясы саласындағы алғашқы ғалымдардың көшбасшысы ретінде қазақ тілі білімінің ғылыми негізі қаланып, қалыптасып, дамуына ерекше үлес қосқан тума талант, дарынды лингвист-ғалым еді. Өткен ғасырдың бас кезеңінде, яғни ғалым еңбек еткен 30-жылдары қазақ тіл білімі саласындағы алғашқы проблемалар қазақ алфавиті мен орфографиясын жасау, қазақ жазуын араб графикасынан латын әліпбиіне көшіру, қазақ фонетикасы мен лексикологиясы, грамматикасы, қазақ терминологиясының ғылыми принциптерін белгілеп, қазақ терминдерін жасау, қазақ тілінің алғашқы ғылыми оқулықтарын жазу т.б. жұмыстарды ғылыми деңгейде зерттеп-шешу профессор Қ.Жұбановтың үлесіне тиді.

Құдайберген Жұбанов 1899 жылы қазақ жерінің батыс бөлігі Орал облысындағы Темір уезінің Темір-Орқаш болысындағы Қосуақтам (қазіргі Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы Орқаш ауылында) дүниеге келді. Бала кезінде ауыл молдасынан арабша әріп таныған Қ.Жұбанов мешіт жанынан мұсылман діні оқуын үш жыл оқып, араб-парсы тілдерін үйреніп, өз бетімен іздене жүріп білімін толықтыруға талаптанады. Ол 1914-1916 жылдары Орынбордағы Хұсайния медресесінде оқи жүріп шығыс мәдениеті мен білімін тануына мүмкіндік алса, кейіннен Жұрындағы екі класты орыс мектебінде және

Илецкідегі (Күйікқала) екі кластық училищеде оқып, орыс тілі арқылы европаша білім алуға қолы жетеді.

Қ.Жұбанов өзінің оқу-ағарту саласындағы еңбек жолының алғашқы кезеңін Ақтөбе жерінде губерниялық оқу бөлімінің инспекторы қызметін атқара жүріп өткізеді. Оның оқу-ағарту майданындағы тынымсыз еңбегінің жарқын беттері жөнінде сол кездегі «Кедей» газетінің сарғайған парақтарынан оқып-білуге болады. «Кедей» беттеріндегі «Халық ағарту» айдарында «Мұғалім, зер сал, губатком, жәрдем ет» (5.12.1925), «Ойыл комуне мектебі кімге тиіс?» (20.10.1925), «Оқу жайындағы мұнды осы бастан ойлау керек» (28.08.1925) т.б. мақалаларында Ақтөбе жеріндегі оқу-білім мәселесін жақсарту ісінде белсенді, білімді маман ретінде танылады. Қ.Жұбанов Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінде методист-инспектор бола жүріп, Ақтөбе педтехникумында да сабақ береді.

Ғалым 1929 жылы Петербургтағы Шығыс тілдері институтының түркологиялық бөліміне оқуға түсіп, кейіннен СССР Ғылым академиясы Яфетидология институтының аспирантурасында оқуын жалғастырады. Қ.Жұбанов жалпы тіл білімі, түркология саласында терең білім алып, өзін дарынды түрколог ғалым ретінде таныта білді. Соның нәтижесінде қазақ зиялыларымен қатар, И.И.Мещанинов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, К.К.Юдахин, А.К.Боровков сынды ірі орыс оқымыстылары Қ.Жұбановты білікті ғалым, лингвист ретінде танып, бағалады.

Тума талант Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің барлық саласы бойынша құнды пікірлер айтып, зерделі зерттеулер қалдырды. Қазіргі таңда тілімізді зерттеу барысында ашылған жаңа деректер мен жаңалықтардың бастауы, алғашқы пікір Қ.Жұбанов еңбектеріне барып тірелетінін ескерсек, ғалымның көрегендігі мен ғылыми тереңдігіне тәнті боламыз. Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны – ҚазПИ-дің профессоры, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Сөйтіп ол тек қазақ тіл білімі мәселелерін зерттеумен ғана шұғылданып қоймайды, түркология проблемаларына да белсене араласады. 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда «Қазақ орфографиясының құрылу принциптері» деген тақырыпта баяндама жасап, қазақ жазуының негізгі басшылыққа алуға тиісті принциптерін көрсетеді.

Қ.Жұбанов сол өзі өмір сүрген кезеңдегі заман талабына сай халқының мәдениетін көтеру, оқу-білімге тарту істеріне белсене араласып, бірнеше жұмыстарды бір өзі атқарып, тынымсыз еңбектенеді. Ол институтта профессор бола жүріп, кафедра меңгерушісі, СССР Ғылым академиясына Қазақ филиалының лингвистика секторының меңгерушісі (қазіргі Тіл білімі институты), «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» (осы күнгі 10 томдық түсіндірме сөздіктің) бас редакторы, Қазақ ССР Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Методика, программа, оқу құралдары секторының (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары институты) меңгерушісі, Мемлекеттік терминология комиссиясының председатели, терминология комиссиясының бюллетенінің редакторы, Халық ағарту Комиссариаты коллегиясының мүшесі, Ұлттар мәдениеті институтының ғылыми кеңесінің

мүшесі болып, бірнеше жұмысты атқара білді. Қазіргі кезде үш-төрт ғылыми зерттеу институты басшылары атқаратын міндетті Қ.Жұбанов бір өзі атқаруы ғалымның өз халқы үшін жанын аямай еңбек етуі болса, екінші жағынан ол кезде Қ.Жұбановтай тума талант адамның жетіспеуі деуге болады.

Қ.Жұбанов 1936 жылы мектептің 5-6 кластарына арнап «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығын жариялайды. Бұл еңбегінде ғалым қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисі мәселелерімен қатар, фонетика жөнінде де жүйелі зерттеу жүргізгендігін көрсетеді. Қ.Жұбановтың «Буын жігін қалай табуға болады?», «Қосар ма, дара ма?», «Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «К постановке исследования истории фонетики казахского языка», «Из истории порядка слов в казахском предложении», «Образование сложных слов в казахском языке», «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах», «О построении речи на казахском языке», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита» т.б. ғылыми мақалаларында қазақ тілінің өзекті проблемаларын талдап, өзінің ғылыми көзқарастарын баяндады. Ал «Термин сөздердің спецификасы жөнінде», «О специфике слов-терминов», «Физика терминдері жайынан», «Математика терминдері жөнінде», «Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией» т.б. ғылыми еңбектерін жазды.

Ол өз зерттеу объектісі етіп тілді ғана алмай, халқының мәдениеті, әдебиеті, өнерін де зерттеуді мақсат еткен. Осы орайда, 1934 жылы жазған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген ғылыми мақаласы қазір де өз маңызын жойған жоқ. Осы мақаласында Абай жалғыз қазақ емес, бүкіл Орта Азия ақындарына үлгі боларлық жол салған, тілін таза, сол кездегі өзге ақындардай араб-парсы сөздерімен тілді шұбарламай, қазақ әдеби тілін дамытуға үлес қосқан ақын екендігін дәлелдеп, әдебиеттану ғылымына да өлшеусіз із қалдырды. Ғалым Қ.Жұбанов осы еңбегінде Абайды тек қазақ әдебиеті аясында ғана қарастырып қоймай, оның сөздік қорын, тіл тазалығын, ақындық шығармашылығын шалғайда жатқан Армения, Грузия, көршілес Орта Азия халықтарының әдеби мұрасынан нақты мысалдар келтіре отырып, салыстыра зерттеп, «өз тұсында, жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі», -деп баға береді. Кейіннен қазақтың белгілі ғалымдары өз зерттеулерінде Абай қазақ әдебиетімен қатар, қазақ лингвистикасында да қазақ әдеби тілін жетілдіріп, әдеби тіл нормаларын жаңа сапаға көтеруде де ерекше еңбегімен үлес қосқанын атап көрсетті. Осы мақала жайлы өткен ғасырда белгілі жазушы М.О.Әуезов: «Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді, оның «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген баяндамасы қазақ филологиясының, әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылатын бағалы еңбек», - деп жазған болатын.

Қ. Жұбанов ғалым – зерттеуші ретінде Қожа Ахмет Яссауи туралы, оның «Диуани Хикмәт» еңбегі туралы алғашқылардың бірі болып салмақты пікір айтты. Осы еңбек туралы ғалым: «Диуани Хикмәт» жалғыз дін дәстүрлерін ғана емес, ақыл-нақыл және жағымды әлеуметтік хұлық мінездерді де үйреткен.

«Диуани Хикмәт» деген кітап атының мәнісі де «Ақлият сөздердің жинағы» деген болады. Тіл зерттеу үшін де, немесе ол кездегі халқымыздың түрін зерттеу үшін де «Диуани Хикмәттен бір қатар құнды деректер табылары даусыз», - дейді. Қ.Жұбанов тіл, әдебиет проблемаларын зерделеп қана қоймай, қазақтың музыка тарихына да көз жіберді. «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» деген еңбегінде ғалым музыкатану мен тіл білімін өзара байланыста қарастыра білді. Ол осы еңбегінде халықтың рухани мәдениетінің тарихын тануда тілдік материалдарды пайдалану жолдарын көрсетіп, өзінің тіл маманы ғана емес, музыка өнері жөнінде де білімдарлығын байқатады.

Ғалымның еңбектеріндегі ғылыми қағидалардың өміршендігі, уақыт сынынан мүдірмей өтуі кімді де болса таң қалдырмай қоймайды. Осы тұрғыдан келгенде, оның себебін іздеп ғалымның ғылыми тұжырымдарының мәнді, маңызды болуына негіз болған жағдайларды атап көрсетуді қажет етеді. Алдымен профессор Қ.Жұбанов – полиглот ғалым. Ол түркі тілдерін былай қойғанда, шығыс тілдерін, ағылшын, неміс, француз, орыс және басқа славян тілдерін біліп, жапон, қытай, монғол тілдері деректерін де өз еңбектерінде тиімді қолданған. Сондықтан көп тіл білуі қазақ тілінің ерекшелігін жалпы тіл білімі деректерімен салыстыра зерттеуге көмегі тиген. Ол жалпы тіл білімі, славян тіл білімі, шығыс тіл білімі, түркі тілдері теориясын өте терең білгендігін өзінің зерттеу еңбектерінде анық байқатады. Сонымен бірге, ғалым өз кезіндегі тіл білімінің зерттеу тәсілдерін жете меңгеріп, тарихи-салыстырмалы тәсілді қолдану үлгісін көрсетті. Бұған қоса Қ.Жұбановтың зерттеуге, ізденуге деген қабілетін, орасан зор талантын қоссақ, ғалымның ғылыми еңбектерінің әлі күнге дейін теориялық маңызы мен мәнін жоймағанын түсінуге болады. Кезінде ғалым Ә.Дербісалин: «Құдайберген Жұбанов – негізінен тіл білімінің маманы бола тұрып, халқымыздың арғы-бергі тарихын, әдебиетімен мәдениетін, өнерін, сонымен қатар, Орта Азия халықтары мен Шығыс, Батыс елдерінің мәдениеті, әдебиет, өнер тарихын терең білген ғұлама ғалым. Бұл шындықты ғалымның қаламынан шыққан әрбір еңбектен-ақ көруге болады», - деген еді.

Ғалымның публицистік шығармашылығының өзі бір төбе деуге болады. Оның осы бағыттағы алғашқы шығармашылық еңбектері сол кездегі дәстүр бойынша қолжазба журнал шығарудан бастау алады. Қ.Жұбанов орыс мектебінде оқып жүрген кезінде «Көсем» деген қолжазба газет шығарған, бірақ бұл газет әлі іздестіріліп жүр. Ескілікті тезге салып, надандықтан арылып, ағартушылық бағыт ұстанып, мәдениетке қанығу мақсатында Күйікқалада 1917 жылы «Тез» атты қолжазба журналын шығарып, оның редакторы болады. Ал Темірде «Ай» деген қолжазба журнал шығарады. Қ.Жұбановтың осы бастапқы білімі оның кейіннен белгілі тіл маманы болуына, қазақтың тұңғыш профессоры, лингвист-ғалымы болуына ықпал етеді. Қ.Жұбановтың шығарған қолжазба журналдары мен газеттері оның публицистикасының бастауы болды. Данышпан жазушы М.Әуезов «Ірі оқымысты» атты мақаласында «Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туған жер, өскен еліне шынайы ой – арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді» деген болатын.

Зор таланттың, үлкен қабілеттің, білімнің арқасында Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өзі өмір сүрген қысқа уақыттың ішінде қазақ тіл білімінің әр саласынан құнды-құнды ғылыми еңбектер жазып, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалауға қомақты үлес қосты. Кейінгі кезеңде белсенді қарастырыла бастаған тіл білімінің әлеуметтік лингвистика, психо лингвистика, когнитивті лингвистика т.б. салаларына қатысты алғашқы деректер де Қ.Жұбанов еңбектерінде көрініс тапқандығы бүгінгі зерттеушілер тарапынан айтылып отыр. Қ.Жұбанов туралы, оның азаматтық келбеті, ғылымдағы орны туралы, жазылған жақсы лебізге толы мақалалар өте көп. Әр кезде жазылған осындай ғылыми танымдық және тағылымдық мәні зор мақала авторлары ретінде тілші ғалымдар І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, Ә.Қайдаров. Р.Сыздық, Қ. Есенов, Б.Әбілқасымов, Т.Жанұзақов, Б.Хасанов, Ә.Айтбаев, Н.Уәлиев, Ә.Жүнісбеков, Ж.Манкеева т.б. және әдебиет саласының мамандары М.Әуезов, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Х.Есенжанов, Б.Кенжебаев, М.Мырзахметов, т.б. есімдерін атап кетуге болады. Ғалым еңбектері туралы педагогика, философия, тарих, саясаттану т.б. сала мамандарының айтқан құнды пікірлері де өз алдына бір төбе деуге болады.

Қ.Жұбанов қазақ тілінің өз кезеңдегі білгір маманы ғана емес, сонымен бірге қазіргі таңда да қолданылып жүрген теориялық мәселелердің негізгі қазығы ғалым еңбектерінде жатқанын қазіргі зерттеушілер көрсетіп отыр. Қ.Жұбановтың ғалымдық және азаматтық биік тұлғасын танытқан елеулі монографиялық еңбектер қатарында ғалымдар Р.Сыздық, Б.Хасанұлы, М.Жұбанова, А.Тайжанов пен Б.Аханов, К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай, Н.А.Садуақас авторлығымен жарияланған басылымдарды атап көрсетпекпіз. Кейінгі кезде, 1994-2009 жылдар аралығында профессор Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы бойынша зерттеушілер Ж.О. Тектіғұл «Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», М.О. Милов «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі», Н.А. Садуақас «Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің филологиялық негіздері», А.Қ. Омарова «Профессор Қ.Қ.Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы», Ә.Оралбай «Қ.Жұбановтың публицистикасы», М.Қ.Жазықова «Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы», Ф.Е.Терекова «Языковая личность К.Жубанова социолингвистическое освещение», Ж.И.Сұлтан «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі», А.А.Жубанова «Общелингвистическая концепция Х. К. Жубанова», А.Ә.Қарабалина «Қ. Жұбановтың жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері», т.б. тақырыптарда ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғады. Ал аға оқытушы Әлия Ұлықпанова ғалымның әдеби мұрасы туралы бірнеше ғылыми мәнді мақалалар жариялады.

Құдайберген Жұбанов 1957 жылы «халық жауы» деген нақақ жаладан ақталғаннан кейін оның есімі мен білім-ғылым саласындағы еңбегі қалпына келтірілді. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылдың 23 ақпанында «Ақтөбе педагогикалық институтына Қ.Қ.Жұбановтың есімін беру туралы» №72

Қаулысы шықты. Бұл қаулыда төмендегідей сөздер жазылды: «Дарынды ғалым-лингвист, қазақ совет тіл білімінің негізін қалаушы профессор Қ.Жұбановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақ КСР Министрлер Советі қаулы етеді: профессор Қ.К.Жұбановтың есімі Ақтөбе институтына беріліп, алдағы уақытта Қ.К.Жұбанов атындағы Ақтөбе пединституты деп аталсын». Ақтөбе қаласындағы аталған оқу орны алдындағы даңғыл ағайынды проф. Құдайберген Жұбанов пен оның туған інісі академик Ахмет Жұбановтың атымен – «Ағайынды Жұбановтар» аталғандығы да ұлыларын ұлықтаған ұрпақтың парызы деп білеміз. Ал 1998 жылдың 16 қарашасында университет алдына Құдайберген Жұбановтың ескерткіші қойылды.

Қ.Жұбанов еңбектерінің ғылыми мәні туралы шетел тілінің маманы, ғалым А.Шәкиева «Көмекші және күрделі етістіктер хақында» мақаласында: «Біз сөз ететін еңбекті алғаш оқығаннан-ақ оның авторының лингвистикалық терең біліміне, тіл тылсымын нәзік те жете сезінетіндігіне қайран қаламыз. Профессор Құдайберген Жұбанов неміс, ағылшын, француз тілдері сияқты шетел тілдерін тек игеріп қана қойған адам емес, сонымен бірге олардың құрылымдық жүйе ретіндегі қалпын да жақсы білген. Сөйтіп, ол өзінің «Көмекші және күрделі етістіктер жөніндегі ескертпелерінде» неміс тілінен цитаталар келтіріп, неміс грамматикасының терминдерін емін-еркін пайдаланады», – деген жолдар көп нәрседен хабар береді.

Қ.Жұбановтың бізге жеткен еңбектерінің бірі 1936 жылы орыс тілінде жазылған «Из истории порядка слов в казахском предложении» мақаласының ғылыми құндылығы туралы академик Р.Сыздық былай деген еді: «Ең алдымен, бұл тамаша этимологиялық (сөз төркінін) талдау үлгісі. Мұнда көптеген жұрнақтар мен түрбірлердің морфологиялық талдауы олардың 56 фонетикалық құбылуын көрсетумен қатар жүргізіледі. Екіншіден, бұл жұмыс – салыстырмалы-тарихи әдістің таптырмас үлгісі; мұнда автор жалаң қазақ тілі емес, көптеген түркі тілдерін (көнелерін де, қазіргілерін де), сонымен қатар өзге системалы тілдерді, оның ішінде грузин, қытай монғол тілдерінен алынған фактілерді салыстыра отырып зерттейді. Үшіншіден, мұнда негізгі тақырыптан тыс өзге бірқатар тың пікірлер айтылған. Оларды автор негізгі тақырыбын дәлелдеу үшін жол-жөнекей айтып отырады. ... Төртіншіден, Қ.Жұбановтың бұл еңбегі – қазақ ономастикасын (адам аттарын) сөз еткен тұңғыш ғылыми жұмыс. ... Бесіншіден, «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі» деген еңбектің құндылығы – оның шын мәніндегі тұңғыш ғылыми сауатты зерттеу жұмысы екендігінде», – деп дәріптеген екен.

Қорыта айтқанда, біз Ақтөбе-Мұғалжар топырағында дүниеге келген жерлесіміз, кейінгі ұрпаққа құнды ғылыми еңбектерін мұра етіп қалдырған профессор Қ.Жұбанов еңбектерінің теориялық маңызы туралы айта отырып, оны тек туған жері ғана емес, бүкіл қазақ халқы тума талант ғалым ретінде құрмет тұтатынын мақтаныш етеміз.

Әдебиет

1. Құдайберген Жұбанов. Шығармаларының толық жинағы. –Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы,2019. -584 б.
- 2.Әуезов М. Шығармалар жинағы. XX том,- Алматы: Жазушы, 1983.- 358-359 б.
- 3.«Жұбанов тағылымы». VI Халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. - Ақтөбе: Ақтөбе МПИ, 2005.-530 б.
- 4.Ақтөбе облысытық архиві. Ақтөбе педтехникумы 1925 жыл.№1-4 хаттамалар.
5. Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбанов ұлт тілі мен жазуы туралы// «Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары: дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2018.-84-88 б.
6. Қазақтың Орталық Мемлекеттік архиві, 81-кор, 3-тізбе, 318-іс.

1 СЕКЦИЯ. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ К. К. ЖУБАНОВА В ОБЩЕСТВЕННОМ И ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОМ РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫ

АБДУЛЛИНА ДИНАРА ЫСҚАҚҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы №30 қазақ орта мектебі, тарих пәні мұғалімі;
Dinara.06.81@mail.ru

Түйіндеме

Құдайберген Жұбанов мұраларының ұлттық рухани жаңғыруымыздағы орны оның тіл саласындағы ерен еңбегімен ғана емес, музыка, жалпы өнер, рухани әлемімізді дамытуға зор үлес қосқан тарихи тұлғалар туралы, ұлттың рухани — әлеуметтік салалары бойынша жазған еңбектері мен ғалымдық, ұстаздық ұлағаттарынан, қоғам қайраткері ретінде атқарған істерінен де жан-жақты көрінеді. Әрине, ол — ең алдымен тіл маманы ретінде, қазақ тілі жөніндегі зерттеулері арқылы ғылыми ортаға танылған тұлға.

Тірек сөздер: терминология, ұлт, лексикография, әлеумет, тіл, ғылым.

Аннотация

Место наследия Кудайбергена Жубанова в Национальном духовном возрождении отражается не только его выдающимся трудом в области языка, но и его трудами о музыке, искусстве в целом, исторических личностях, внесших большой вклад в развитие нашего духовного мира, его трудами по духовно — социальным сферам нации, его трудами как ученого, учителя, общественного деятеля. Конечно, он-прежде всего языковед, человек, признанный в научной среде благодаря своим исследованиям по казахскому языку.

Ключевые слова: терминология, нация, лексикография, социум, язык, наука.

Abstract

The place of Kudaibergeren Zhubanov's legacy in the National Spiritual Revival is reflected not only by his outstanding work in the field of language, but also by his works on music, art in general, historical figures who made a great contribution to the development of our spiritual world, his works on the spiritual and social spheres of the nation, his works as a scientist, teacher, public figure. Of course, he is primarily a linguist, a person recognized in the scientific community due to his research on the Kazakh language.

Keywords: terminology, nation, lexicography, society, language, science.

Қазақ тілі танымының теориялық мәселелерінің қалыптасуы көрнекті ғалымдар — А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың есімдерімен қатар аталатындығы мәлім. А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбанов өткен ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ қазақ тіл білімінің негізгі бағыттарын бағдарлама, тезистер түрінде анықтап берген еді. Объективті түрде қарағанда, қазақ тіліндегі жаңа

сөздерді тану мен талдау, ажырату мен сұрыптау қазақ тіл танымының хронологиялық басталған кезеңдеріне – өткен ғасырдың 20-жылдарына тікелей қатысты.

1995 жылға дейінгі мерзімдегі жаңа сөздердің табиғаты Қ. Қадырқұловтың еңбегінде талданған [1]. 1991 жылдан бастап қазақ тіл білімінде жаңа сөздер қазақ тілі терминдерін қалыптастыру мәселелері аясында біртұтас қарастырыла бастады. Терминденетін лексика сөздері, жалпы халықтық тілдегі сөздердің терминдену ерекшеліктері, жаңа атаулардың жүйелену қажеттілігі, тұтастай алғанда, ұлт тіліндегі ғылыми-техникалық терминологияны қалыптастыру, термин шығармышылығының әртүрлі қырлары тікелей арқау болған іргелі еңбектер бар [2]. Терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар мен практикалық ұсыныстар, терминді жасауға қатысты әлеумет, тіл, ғылым мүдделерінен туындайтын лингвистикалық талаптар, термин түзудің ғылыми-практикалық қисындары талданған зерттеулерде де жаңа сөздердің табиғаты біршама сөз болады [3]. Зерттеуші Н.И. Букетованың еңбегі бірнеше тілдердегі жаңа сөздерді жасайтын түбір морфемаларды талдауға арналған [4]. Қазақ тіліндегі неологизмдер салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы тіл білімі аясында қарастырылған.

Профессор Қ. Жұбанов ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың қайтыс болуына 30 жыл толуына байланысты 1934 жылы «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақала жариялады. Бұл мақалада айтылған қағидалардың қазақ әдеби тілі мен қазақ әдебиетін зерттеу үшін аса зор тарихи ролі, маңызы болды. Егер ол кездегі Абай турасындағы, оның творчествосын бағалау жайындағы айтыс-таластар мен көзқарастарды еске алсақ, бір алуан пікір иелері Абайды, оның творчествосын бұрынғы үстем тапқа телігені, енді бір алуаны Абайдың әдеби мұрасын халыққа тән мұра деп бағалағаны, ал енді бір алуаны оған әрі-сәрі қарағаны мәлім болатынды.

Дәл осы кезде қазақтың халық әдебиеті мен Абайдың көзқарасы қандай болғандығын, ақынның одан қандай нәр алғанын, Абайдың шығыс әдебиетіне қатысын, оның несіне назар аударып, несінен безінгенін, /озат/ орыс әдебиетінің, оның үлгісін түсініп, одан ақынның қандай үлгі-өнеге алғанын тарихи жағынан толық сипаттап ғылыми жолмен дәлелдеген, Абайды қазақ әдебиетінің ескі жұртынан да, «ислам мәдениетінің кірлі көрпесінен» де сілкініп шыққан, қазақ әдебиетін «бос сөзділіктің» тазартып, жаңа бағытқа салып, қазақ мәдениетін жаңа соны жолға түсірген ақын деп танып, оның /Абайдың/ тарихи қызметін ең алғашқы рет дұрыс бағалаған профессор Қ. Жұбанов болды деуге негіз бар.

А. Ысқақов ескерткендей: «ол кезде Абай – күшті ақын», «жақсы ақын» дегенді біраз адам айтқан, бірақ олар Қ. Жұбановтай Абай күшті болса неліктен, несімен күшті, жақсы болса – неліктен және несімен жақсы деген пікірді тарихи дәлел, нақтылы айғақ келтіріп, жан-жақты сипаттап, ғылыми жолмен ыңғылықты етіп көрсеткен ешкім жоқ еді [5].

Қ. Жұбанов әрбір айтатын ойын бейнелі, перделі сөздермен көмкеріп, оқырманға негізгі ойды әсерлі сурет арқылы жеткізеді. Мәселен, ол татар ағартушысы Чиһабутдин Мәржани туралы түсінік бергенде сөйлемді былайша құрады: «Мәржани – шіріген ислам іргесін ақыл кездемесімен жамамақ болған,

схоластикаға қарсы шығып, елді ақылға бағындырып, мектепке дейін ғылым мен орыс тілін енгізу қамында өткен, өзінше «Қазанның Лютері» еді.

Дін жөнінде Абайдың ұстаған жолы да осы жол болатын [6]. Бұл шағын үзіндіде Қ. Жұбанов Мәржанидің қоғамдық-әлеуметтік қызметін белгілі сөздермен түсіндіре отырып, өзінің оған деген сыни талғамын астарлап қана айтады. «Бұл өзінше Қазанның Лютері еді» деген ескертпесінде ғалым Мәржаниді көңіліне қораш тұтып таныстырса да, ол ойын перделеп, жұмсақтап жеткізеді. Тағы бір ретте Қ. Жұбанов Абайға баға беруде біз Энгельстің М. Лютерге берген бағасын ескермей жүргенімізді қынжылып көрсетеді.

«Энгельс ренессанстың тарихи ірі мәнін айта келіп, ол дәуірдің ірі адамдар керек қылғанын, сол дәуір тудырған титандардың бірі Мартин Лютер екенін еске алады. Сол Лютердің Энгельс көрсеткен еңбегі, жоғарыда айтқандай, дін реформасы жасау үстіне, дін жайында жазған кітаптарын неміс тілімен жазғандығы, жаңа шіркеу музыкасын жазып, оған жаңа түрлі дұғалар шығарып беруі болатын.

Міне, осы Лютерді Абаймен салыстырғанда профессор Қ. Жұбанов Абайдың нағыз қазақи пішінін сипаттайды. Онда былай делінген: «бір елдің әдебиет тілін жасауда мұндай еңбек сіңірген адамды біз Энгельсше бағалай білетін болсақ, XIX ғасырда қазақ ауылында жасаған сеңсен тон, шидем күпі киіп, Шыңғысты жайлаған Абайдан пролетариат төңкерісіне басшы болуды, немесе «Капиталдың» авторы болуды талап етуіміз орынсыз, бойына шақтап тон пішуіміз керек.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жаңа сөздердің – қоғамдық-саяси неологизмдердің қалыптасуы мен қолданысқа түсуінің кешенді талдауы жүзеге асырылған еңбек жаңа сөздердің құрылымы әрбасқа тілдердегі сипаттамасын жан-жақты танытқан [7]. Шамамен алғанда, 1976-2015 жылдарға дейінгі аралықтағы жаңа 115 сөздердің лексикографиялық түзілуін анықтау да жаңа сөздерді жүйелеу, талдау және сұрыптау мәселелерінде маңызды. Қазақ тіл білімінде жаңа сөздердің тіркелуі 1985 жылы жүзеге асырылды.

Қазақ тіліндегі жаңа атаулардың үш жинағы ғалымдар тарапынан «қазақ әдеби тілі лексикасының дамуын, жаңа сөздердің жинақталуын көрсетуі жағынан аса құнды еңбек» деп бағаланған [Сағындықова]. Зерттеу нысанына қарай жаңа сөздер бойынша тілдік фактілерді талдауда, жүйелеуде, сұрыптауда және олардың қалыптану үдерістерін белгілеуде соңғы 25-30 жыл ішінде жарияланған екі тілді терминологиялық сөздіктердің рөлі айрықша. Ғалымдардың көрсетуінше, 1991 жылдан бері қарайғы кезеңде ғылымның барлық дерлік салалары бойынша 200-ге тарта екітілді, түсіндірме, терминологиялық сөздіктер жарияланған [8].

Жаңа сөздерге қатысты мәселелерді анықтауда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 31 ғылым саласы бойынша қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер сериясы жаңа сөздерді жүйелеу және қалыптану үдерістерін зерделеу тұрғысынан бірегей басылым болып бағаланады.

Әдебиет:

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (Өмірі мен қызметі туралы) // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 8-30.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 43 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
5. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
6. С. Елубай. Алаш зиялылары және терминтану. –
7. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 288 б.
8. Ысқақов А.Қ. Жұбанов және қазақ тіл білімі // «Қазақстан мектебі». – 1965. – № 3. – Б. 71–77. 2. Әуезов М.

ҒЫЛЫМ КӨГІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

БАЛГАЗИЕВА ЛЯЗЗАТ ТАНАТАРОВНА

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы, педагогика
ғылымдарының магистрі,
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі**

Түйіндеме

Қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың әдебиеттану саласындағы зерттеу еңбектері, соның ішінде ақындық, журналистік, жазушылық талантындағы қалам тартқан шығармалары жазылды.

«Ай» атты қолжазба журналында эпиграф ретінде алынған «Ай» өлеңі құрылысына қарай талданды. Ғұлама ғалымның бізге жетіп, баспасөзге жарияланған мақалаларының тізімі туралы айтылды.

Құдайберген Жұбановтың мақалада аталған өлеңдеріне басқа фельетондары мен әңгімелері, соның ішінде «Ит әулие», «Жазықсыз жандар» атты қысқа әңгімелері мен «Сегіз бен Мақпал» атты халық поэмасының негізінде екі актілі пьесасын жазып, оны Ақтөбе қаласындағы кеңес-партия мектебінің, педтехникумның оқушыларының күшімен, өзінің режиссерлығымен сахналандығы жөнінде сөз болды.

Тірек сөздер: Ақын, өлең құрылысы, фельетондар, сахна, мақала, өнер -білім, әдебиеттану, лингвист-профессор, қалам, тіл білімі.

Аннотация

Первым казахским лингвистом-профессором Кудайбергеном Куановичем Жубановым были написаны исследовательские работы в области литературоведения, в том числе произведения поэтического, журналистского,

писательского таланта. В рукописном журнале «Ай» было проанализировано стихотворение, взятое в виде эпиграфа. В статье прозвучали стихи Кудайбергена Жубанова, а также другие фельетоны и рассказы, в том числе двухактная пьеса на основе рассказов «Ит әулие», «Жазықсыз жандар» и народная поэма «Сегіз бен Мақпал».

Ключевые слова: поэт, фельетоны, сцена, статья, литературоведение, лингвист-профессор, лингвистика.

Abstract

The first Kazakh linguist, Professor Kudaibergen Kuanovich Zhubanov, wrote research papers in the field of literary studies, including works of poetic, journalistic, and writing talent. The poem, taken in the form of an epigraph, was analyzed in the handwritten magazine «Ai». The article featured poems by Kudaibergen Zhubanov, as well as other feuillets and short stories, including a two-act play based on the stories «It aulie», «Zhazyksyz Zhandar» and a folk poem «Segiz ben Makpal».

Keywords: poet, feuillets, stage, article, literary criticism, linguist-professor, linguistics.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары оқу-ағарту майданында жарқырап көзге түскен – қазақ тіл білімінің негізін салған, қазақтың тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов қазақ елін өнер – білімге шақырған өзінен бұрынғы бір топ интеллигенцияның ізін шала, кейбіреулерінен үзеңгі қағыса бой көрсетті.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда кім болам?-

деген Сұлтанмахмұтша Қ.Жұбановта өз елін алдыңғы қатардағы елдер дәрежесіне жеткізгем деген ниетпен еңбек етті.

Мен өзімнің жұмысымды Қ.Жұбановтың әдебиеттану саласындағы зерттеулері бойынша жұмыстанғандықтан, ең әуелі ғалымның әдебиеттану саласындағы зерттеу жұмыстарын төмендегідей бағытта жіктедім

Қ.Жұбановтың әдебиеттану саласындағы зерттеу жұмыстары

Ақындық таланты	Журналистік таланты	Жазушылық таланты
«Ай» өлеңі, 1922 жылы «Ай» журналында жарияланды «Жаңа рамазан бастысы», 1926 жыл «Еңбекші газеті» жарияланды	1922 жылы «Ай» атты қолжазба журналы, «Тез» атты символикалық журнал	«Ит әулие», «Жазықсыз жандар» атты әңгімелері.

1. Ғалымның ақындық таланты

1922 жылдары Темір қаласында уездік оқу бөлімінде нұсқаушылық қызметте жүргенде «Ай» атты қолжазба журнал шығарады. Журналдың эпиграфы ретінде «Ай» атты өлеңін береді. Онда:

Көп заманнан көкте жүздің жылысып,
Тудың, баттың, жүздің ақырын ығысып
Ақ кіреуке – әсем көрік дөңгелек,-
Келбетіңе қызығып дүние тым ыстық ...

Сұлуларды мақтаса жұрт айдай дер,
Болар ма еді нағыз айдай, бай-бай!-дер.
Арыстан да Айға ұмтылып мерт болған,
Оған жету қайда бізге, ойбай, - дер...

Жарық қылдың, сиқырладың жер жүзін.
Сен- сұлудан айырмайды ел көзін.
Бір қараңғы түкпірге әкеп тұрғыздым,
Ал, нұрландырар, ал, қызықтыр,кербезім ...

8 тармақты, 2 шумақты, 11-12 буынды 1- шумағы қара өлең ұйқасты өлеңі автордың қазақ халқын қараңғылықтан жарыққа қарай ұмтылдыру мақсаты көзделгендігін айқындап тұрғандай.

Ғалымның этнографиялық материал сияқты мына бір өлеңінде, жаз басында жайлауға шыққан ауыл суретін тамаша тіркестермен берген:

Кешкітұрым болғанда,
Жел басылып тынады.
Қыбырлаған адамзат
Сауық сайран қылады.
Қырдың арғы жағынан
Даусы шешен сыбызғы
Үндеріне қосылып,
Малшының үні шығады.
Тамылжып бұлақ ауасы
Кім-кімге де ұнады.
Ел жататын мезгілде
Бала- шаға қыз-қырқын
Жиналып бас құрады.

Абайдың «Жаз» өлеңімен үндесе жазылған ғалымның бұл өлеңінде қазақ елінің өмір шындығын әсерлі, тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің тамаша үздік үлгісін туғызған.

Қ.Жұбановтың әдебиеттану ғылымына қосқан құнды ғылыми мұрасы - «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген еңбегі. Бұл еңбекте ғалым өткен ғасыр ақындарының шығармаларынан Абай туындыларының шоқтығы биік тұрғанын эстетикалық таным тұрғысынан бағалайды. Ұлы ақын өлеңдерінің мазмұны мен құрылысын, көркемдік ерекшелігін талдап түсіндіріп береді.

Аяқталмай қалған әдеби – публицистикалық еңбегінде Абайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы, әлеуметтік ой- санадағы орнын, ақындық шеберлігін, композиторлығы мен өлең құрылысына енгізген жаңалығын тұңғыш көрсетіп, әділ бағалады. Сонымен қатар, Абай өлеңдерінің сұлулығы мен мазмұндылығын таныту үшін Абайдың өлең- сөзге қатысты талғамын түсіндіреді. Ғалымның бұл еңбегі тек жарық көрген кезінде ғана емес, күні бүгінге дейін әрі теориялық, әрі практикалық мәнін жоймай келе жатқан құнды дүниетаным.

Сонымен бірге ғұлама ғалымның «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласының тілдік- стильдік жүйесінде бірнеше айшықты сөз қолданғанын атап өтсем:

Абайдың еш қылуасында олармен әдеби оты өрелі жанатын қылық жоқ деген сөйлемде ғалым қазақ тіліндегі «өрелі оты жанбау» деген тіркесімен жасап отыр.

Өрелі оты жанбау- көре алмаушылықты, екі адамның арасындағы іштарлық деген мағына;

Өткен өмір арбасының дөңгелегімен қоса айналу- ескіліктің ізімен жүру;

Шұбалық нәлі- тіл шұбарлығы.

Осы сияқты тапқыр да, әсерлі сөз орамдары оның қаламы төселген публицист екенін танытады.

2. Журналистік таланты

Қ.Жұбанов өмір сүрген тұста газет – журнал сияқты баспасөзі онша кеңінен таралмаған, кітап бастыру ісі өркендемеген қазақ даласында 1905 жылғы демократтық- революциялық лептің әсері тиіп, сана – сезімі ояна бастаған жастар өздерінің рухани үнін сыртқа, көпшілікке тарату қажеттілігін сезініп, оны жүзеге асыратын шараның бірі ретінде қолжазба журналдар шығара бастайды. Сол қолжазба журналдардың бірі-

1922 жылы Темір қаласында уездік оқу бөлімінде нұсқаушылық қызметте жүргенде «Ай» атты қолжазба журналы. «Ай» журналында өз атынан кейде «Шекті», «Қараша бала» деген бүркеншек аттармен өлең, әңгіме, фельетон, пьеса да жазып отырған. Сонымен бірге «Ай» журналының беттерінде М.Горькийдің «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Хан мен ұлы» шығармаларын қазақ тіліне аударып жариялаған.

Екінші журнал –Күйік (Елек) қаласында Құдаберген оқып жүрген кезде жазылып тұрған «Тез» деген символикалық аты бар журнал шығарды. Журналдың атын «Тез» деп қою себебі халық арасындағы ескі қалдықтарды тезге салып түзету деген мағынаны білдіретін еді. Сол журналда Құдайбергеннің «Ит әулие», «Жазықсыз жандар» атты қысқа әңгімелері шыққан. Сонымен бірге Қ.Жұбановтың «Қараша бала», «Шекті» деген псевдонимдермен көптеген мақалалары газет – журнал беттерінде жарияланып отырған.

Ғұлама ғалым Қ.Жұбановтың бұдан басқа бізге жетіп, баспасөзге жарияланған мақалаларының тізімі төмендегідей:

«Алаш» газеті	«Еңбекші қазақ» газеті	«Кедей» газеті
«Наурыз құтты болсын» өлеңі	«Үлгі алындар», «Аулақтан оқыту», «Біз де ұлт театрына қарай маңайладық», «Таңжарықтың қуанышы» атты мақалалары	«Төрт қызық, мың бейнет- жарық өмір» мақаласы

Профессор Құдайберген Жұбановтың 1935 жылы 16 қаңтарда «Казахстанская правда газетінде жарияланған «Қазақ драма театрының ең алғашқы елеулі табысы» («Первый серьезный успех казахского драматического театра») деген мақаласы қазақ өнерінің қара шаңырағы атанған ұжымның «Түнгі сарын» пьесасын сахнаға шығаруы арқылы бұрынғы өнерпаздық, «бұқаралық» деңгейден өтіп, жаңа кәсіби театр дәрежесіне көтерілгенін үлкен шабытты сезіммен айтады. [1]

Қызылордадағы орталық баспадан 1936 жылы жеке кітапша болып басылып шыққан «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» деп аталатын тарихи- лингвистикалық очерк жұртшылыққа профессор Қ.Жұбановты мүлдем жаңа қырынан танытты.

Құдайберген өскен орта да- қазақ елінің басқа да жерлері сияқты халық ауыз әдебиетіне бай өлке. Қазақстанның түкпір- түкпіріне кең тараған әйгілі эпостық полотнолардан басқа осы өлкеге ғана белгілі дастандар, айтыстар мұнда да болғаны даусыз. Қ.Жұбанов осыларды тыңдап білу, тіпті хатқа түсіріп жазып алумен айналысады. Таза лингвистикалық бір еңбегінде «сүт кенже» деген тіркесті сөз ету үстінде жол-жөнекей Шақар ақын мен Таразы деген қыздың айтысын 1932 жылы елден жазып алғанын айтады. Осыларға қарағанда, Қ.Жұбанов, 20- жылдардағы басқа да қазақ зиялыларының көпшілігі сияқты, туған халқының мәдени мұрасы- ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау дегенге қатты көңіл бөлгені байқалады. Сірә, оның ел аузынан жазып алғандары едәуір көп болған болар, өкініштісі дер кезінде баспа беттеріне ұсынбағандықтан, жоғарыда аталған асыл мұралары жоғалып кеткен. [2]

3. Жазушылық таланты

Құдайберген Жұбановтың жоғарыда аталған өлеңдеріне басқа фельетондары мен әңгімелері едәуір болғанға ұқсайды. Ол «Ит әулие», «Жазықсыз жандар» атты қысқа әңгімелерін жазды. Сонымен қатар 1925 жылы «Сегіз бен Мақпал» атты халық поэмасының негізінде екі актілі пьеса жазады да, оны Ақтөбе қаласындағы кеңес- партия мектебінің, педтехникумның оқушыларының күшімен, өзінің режиссерлығымен сахнаға қояды.

Көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы Рабиға Сыздықова ғалым туралы: «Мыңнан біреу шығатын, ғылым тілімен «Феномен» деп, қазақтың

бейнелі тілімен «біртуар» деп аталатын адамдар болады. Құдайберген Жұбанов – сондай адам болған. Ең алдымен, «біртуарлардың» бір белгісі- бір сырлы, сегіз қырлы болу керек болса, осы қасиетті Құдайберген Жұбановтан табамыз», - деп ғалымның бойындағы ақындық, суретшілік, журналистік, театр өнеріне икемділік қырларын атап көрсетеді.

[3]

Осындай ұлылық тағылымының тәрбиесін бүкіл ұрпақ сіңіріп, кемелдікке жетелеген кемел өнердің кәусар қайнарынан бүкіл ұлт нәр алды. Елінің басын қанша жерден қырсық шалып, қар емес, қара қан жауса да , қиында пана, қияда тірек бола білген, ерен туған ер деп, міне, осындай жанқияр жандарды айтса керек.

Қысқа ғұмырында оқу- ағарту майданында бар күш – жігерін жұмсап, артына мол мұра қалдырған ғұламаның игі істері азат елінің тәуелсіз түлектерімен бірге кемелденіп, бірге көркейе бермекші.

Әдебиет:

1. М.Қ.Жұбанова «Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында» А., 2002 ж
2. Р.Сыздықова «Ғалым- азамат» А., 1996 ж
3. М.О.Миров «Құдайберген Жұбанов публицистикасы (көркемсөзі): оқыту аспектілері» А.,2002 ж

УДК 14.01

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

**БЕКЕНОВА ДИНА МАКСАТОВНА,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті**

**ЕСМАҚАНОВА ГУЛЯ МАКСАТОВНА,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі,
mdm0406@mail.ru**

Түйіндеме

Мақалада профессор *Қ.Жұбановтың* өмірі мен шығармашылығы қазіргі жастарға үлгі өнеге ретінде айтылады.

Тірек сөздер: зейінді шәкірт, ғалым, аспирант, батыс, шығыс тілдерін еркін меңгеруі, полиглот-ғұлама

Аннотация

В статье раскрывает жизнь и деятельность профессора К. Жубанова как пример подражания для современной молодежи.

Ключевые слова: внимательный студент, учёный, аспирант, свободное владение западными и восточными языками, учёный-полиглот.

Abstract

In the article it is said that the life and work of Professor K. Zhubanov is an example for today's youth.

Keywords: attentive student, scientist, graduate student, fluency in Western and Eastern languages, polyglot-scholar

Қырғыз Оспан ишанның Жобалдағы қызыл мешітінен бес-алты жасында арабша дәріс алған Құдайберген жаңаша мектепте өзгелерден озық тұрады. Жаңаша оқуға бейімділігін танытып, қабілетін көрсетеді. Болашақ ғалым бала кезінен көркем әдебиетке қатты еліккен. Мұсылманша оқып, шығыс тілдерін жақсы игеруі оның Фердоусидің «Шахнамасы», Сағдидің «Гүлстаны», Низамидің «Ләйлә-Мәжнүні» сияқты шығыстың классикалық шығармаларын түпнұсқасынан оқуына себін тигізеді.

Едәуір ұзақ жас жасап, соғыстан кейінгі жылдары дүние салған Ленин орденді қарт мұғалім Әбділдә Беркінов өзінің «Зейінді шәкірт еді ол» деген естелігінде: «1911 жылы Уфадағы медресе «Ғалияны» бітіріп қайтқаннан кейін білім нәріне шөлдеген қазақ жастарының көзін ашуды өзіме мақсат еттім. Сол кездегі бастаған сүйікті қызметіммен 1955 жылы қоштастым. Осы өткен 44 жыл жас буынды тәрбиелеу жұмысымда менің алдымнан көптеген дарынды жастар өтті. Міне, сол жастардың ішінде Құдайберген де болды... Ауыл ұстасы Сатыбалдыға қозылы қой беріп салдырған шым мектепке келіп кетіп жүрген санаулы жастардың ішінен ұяң мінезді қараша бала асқан зейінді, ұғымталдығымен сол кезде-ақ көзге түсті. Сол жылдардың өзінде Құдайберген орыс тіліне соншалықты құмар еді. Сондықтан болар ол Орқаштың бір кластық орыс мектебінің мұғалімі Әжіғалиев Құсайыннан сабақ алып жүрді. Осы кезден бастап Құдайберген Жұрында, Күйік қаласында, Орынборда оқып, білім шыңына қарай өрлей берді. Мен ұзақ ұстаздық өмірімнің бір жарқын беті Жұбановтарға қалам ұстатып қара танытқан кезім деп білемін. Кейінгі шәкірттеріме де осы қос ғұламаның қасиетті мінез-құлықтары, зеректігі жөнінде айтып, үлгіге ұстап отырдым. Ал Жұбановтарға ұстаздық еткенімді өзім мақтаныш етемін», – дейді [1].

Құдайберген Жұбановтың таңдамалы еңбектерінің бір томдық жинағына кіріспе жазған академик І.Кеңесбаевтың бағалауынша, ғалымның батыс, шығыс тілдерін еркін меңгеріп, полиглот-ғұлама болуының ең бірінші себебі – оның терең де тиянақты орта білім алуында жатса керек. Алғаш 5-6 жасар кезінде ауыл молдасына «барып «тілін сындырып», жеті-сегізге келгенде ауылдан 25-30 шақырымдай жердегі «Қотыртас» аталатын құм төбенің қырғыздар жақ бетіндегі Жобал деген тұмсығына салынған Оспан ишанның мешітінде үш жылдай оқыған, 14-15 жасында әкесінің мақұлдауымен Орынбордағы «Хұсайния» медресесін тамамдаған Құдайберген Жұбанов араб, парсы, шағатай тілдерін тыңғылықтап игеріп алған, яғни «мұсылманша» оқудың орта дәрежелі курсы мұқият аяқтаған.

Құдайберген қай жерде, қандай оқу орнында оқыса да, үнемі алдыңғы қатарлы шәкірт болады, «үздік» дегеннен басқа баға алмайды. Ахмет Жұбанов өзінің ағасы жайлы бір әңгімесінде: «Біз Жұрындағы орыс мектебіне

Құдайберген екеуіміз бірге келіп түстік. Бізге орыс тілін оқытатын жергілікті шіркеудегі поптың қызы еді. Кейін естідік, ол астыртын революциялық ұйымдармен байланысы бар адам екен. Мен оның сабақтарынан көпшілігінде «жақсы» деген баға алатынмын. Құдайберген болса, тек «үздік» бағамен оқыды. Жақсы оқыған шәкіртін ұстаз да жақсы көреді емес пе... Құдайбергеннің сабақ айтқанына риза болған мұғаліміміз оған әрдайым «милый, мой милый!» деп тіл қататын», – деп сыр қозғайды.

Бір ғажабы, Қ.Жұбанов өзі түскен ресми оқу орындарының бәрін уақытынан бұрын бітіріп отырған: бес жылдық Жұрын мектебінің төртінші-бесінші кластарын бір жылда, Електегі алты жылдық училищенің 5-6 класын бір жылда, «Хусайния» медресесін үш жылда тамамдап шыққан. Оның оқуға деген зейінділігі мен ғаламат алғырлығы, міне, осы жайлардан айқын көрінеді. [2]

Сол кездері халық ағарту ісін прогреске жетелейтін жол деп ұққан жастар қазақ арасында бір шоғыр болып көріне бастады. Құдайбергеннің жас күніндегі жақын досы Жиенғали Тілепбергенов те қазақ зиялылары арасында осындай бағыт ұстанған болатын. Ж.Тілепбергенов Құдайбергеннен ересектеу болған, сол кезде ол Ғалия медресесінде оқыған. Бұл жастарға жоғары білім берген жақсы бір оқу орны саналған әрі сол кездегі Ақтөбе атырабынан зиялы қауымның шығуы мен жетілуіне зор ықпал еткен.

Қ.Жұбановтың 1914 жылы Орынбордағы Хұсайния медресесіне оқуға барып түсуіне, бәлкі, осы кісінің (Ж.Тілепбергеновтің) берген ақыл-кеңесі де себепші болуы мүмкін. Осында жүріп ол жалпы білім беретін пәндерді тереңірек үйреніп, орыс тілін жетік меңгере бастады және Ш.Х.Сарыбаев, Н.Манаев, Е.Жәрменов сынды абзал жолдастар тапты. 1917 жылы Жұрындағы екікластық орыс мектебін бітіргеннен кейін Құдайберген Орқаштағы біркластық орыс мектебінің мұғалімі Құсайын Ашығалиевтің кеңесімен Күйікқалаға (Илецк) барып, ондағы екікластық училищеге түсіп, білімін әрмен қарай жалғастырады.

«Құдайбергеннің осы Күйікқала сапарына аттануының өзі бір қызық жағдай болып еді, – деп еске алады ол кісінің бірге туған інісі – өнер ғылымының докторы, Ұлттық ғылым академиясының академигі Ахмет Қуанұлы Жұбанов. Со бір жылғы Қуанның отбасындағы қиыншылықтарға орай әкеміз Құдайбергенді оқуға жібермей, үй шаруасымен айналысасың деп ауылда қалдырған-ды. Бір күні әкеміз Құдайбергенді Жұрындағы теміржол стансасынан азық-түлік алып келуге жұмсаған еді, ағамыз теміржол стансасына жеткен бойда астындағы атын телеграф бағанына байлапты да, Күйікқала қайдасың деп келе жатқан бір пойызға мініпті де кетіп отырыпты. Стансаға барған ауылдың адамдары әкеміздің атын танып, бағаннан шешіп алып, үйге әкеп тапсырғанда Құдайбергеннің оқуға кетіп отырғанын бір-ақ білдік». Сонымен, Оспан ишанның мешітінен Құран үйренуден бастап, Күйікқаладағы орыс училищесінен орта білім тәмамдаған Құдайбергеннің білім алу жолындағы қадамының алғашқы кезеңі осындай болатын.

Шығыстың ғұламаларының шығармаларын жата-жастанып оқыған жасқа Орынбордағы, Күйікқаладағы кезең орыс тілін жетік білуге септігін тигізеді. Осының нәтижесінде орыс тіліндегі бай әдебиетпен танысуға мүмкіндік алады. Кейін қазақ, орыс тілдерінде бірдей жүйрік жазуына осы кезеңдегі алған ілім-

білімнің әсері мол болды деуге толық негіз бар. Құдайберген Жұбановтың білім деңгейі сол кезең үшін жоғары сапалы болғандығын айтқан жөн. Бұл жөнінде академик І.Кеңесбаевтың былай дегені бар: «Қ.Жұбановтың алғашқы шәкірттік кезеңде алған білімдері кейіннен оның жақсы тіл маманы болуына негіз болды. Бұл жылдарда ол құрылысы басқа араб, парсы және орыс тілдерін тәжірибе жүзінде игеріп алады. Құдайберген Жұбанов он сегіз жасқа толмай жатып түркі, араб және парсы тілдерінде сөйлей де, жаза да білген».

Жігерлі жас маман Әкесі Қуан мен ағасы Тәпен дүниеден өткеннен соң (1919) енді екі үйлі жанды асырау, үлкендеріне тірек, кішілеріне қамқоршы болу жиырма жастағы Құдайбергеннің басына түседі. Әрі қарай оқу дегенді енді жас жігіттің өзі де ойына дарытпайды. Қызмет істеуге кіріседі, бала оқытудан бастайды. Бұл Қазан төңкерісі жеңісінің алғашқы жылдары еді. Жаңа дәуір қазақ даласына енді-енді ене бастаған шақ болатын. Төңкерісті, жаңа орнаған жас кеңес өкіметін бірден таныған жасөспірім Құдайберген ағартушылықпен қатар ауылда жаңа тұрмыс, жаңа құрылыс орнатуға белсене кіріседі.

1920 жылы Жұрындағы Қызыл штаб мүшесі болып, өз аулы Темірорқашта кеңес тәртібін орнатысады. Құдайбергеннің осы еңбегі ескеріліп, Темірорқаш болысы Жұбанов ауылсоветі аталады. Бұл ауыл 1937 жылға дейін осылай аталып келді. Қазірде бұл – Орқаш елді мекені. Орысша да, қазақша да сауатты Құдайбергенді көп ұзатпай Темір қаласына орналасқан уездік Совдеп өзінің аппаратына қызметке алдырады. Әншейінде атаға, руға бөлінгіш қазақ ауылдары өкіметке салық төлеу, мал өткізу науқаны басталғанда жік-жікке бөлініп, арыз-шағым қаптап кетеді. Осындай екіұдай таластардың ақ-қарасын айырамын, әділдікті ұстанамын деп жүргенде, оның өзіне біреулер нақақтан бәле жауып, ісі тергеуге алынады. Тіпті түрмеге де жабылады.

Қ.Жұбанов 1922 жылдардан бастап Темір қаласындағы (Жұрыннан 35 километр жердегі) уездік ағарту бөлімінде инспектор болып істейді. Бұл кезде ол бір қағаздан екіншісіне цифрлар көшіріп отыратын кеңсе қызметкері болуға емес, шын мәнінде жаңа қоғамның отты, ойлы мүшесі, халықтың ағартушысы болуға ұмтылады. Ол күнделікті өмірге ісімен, сөзімен араласады. Темірде Құдайберген Жұбанов тындырған шаруалардың бір парасы хат танымайтындарды сауаттандыруға байланысты Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің халықты жаппай сауаттандыру жорығын өткізу туралы қаулысы жарияланған тұс еді. Бұл мәселе аса маңызды да шұғыл шара саналған. Қайраткер осы жорыққа ерекше белсене араласады. Оқу жылы аяқталысымен уездің оң жақ еңіріндегі Жем-Байсара болысын, Темір өзенінің төменгі ағысындағы Темір-Орқаш болысының ауылдарын аралап қайтуға елге шығады. Сол кезде уездік жұмысшы-батырақ қызметкерлері одағының уәкілі болып қызмет атқарған Хайрулла Меңдібаевтың айтуынша, Құдайберген Қуанұлы әрбір мектепте екі-үш күн болып, мектептердегі жұмыс қорытындыларымен, сабақ беру тәжірибесімен жақынырақ танысқан.

1925 жылы Қ.Жұбанов Ақтөбе қаласының губерниялық халық ағарту органында методикалық инспектор болып істейді. Сонымен қатар педтехникумда сабақ береді. Сол кезде Ақтөбе губерниясы халық ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып істеген Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген

мұғалімі В.Решетняк Қ.Жұбанов туралы былай дейді: «Орыс мектебінің методисі болып істеген Прокопий Кобой дегенді тәртібінің нашарлығы, мінезінің дөрекілігі үшін жұмыстан шығарып жібергеніміз әлі күнге есімде. Ол жылдарда оның орнын баса қойғандай методисті қазақ түгіл орыс мамандары арасынан таба қою оңай болмайтын. Бізді бұл қиыншылықтан құтқарған Құдайберген болды. Ол орыс мектептерінің методисі қызметін уақытша өз жұмысымен қоса атқара тұрсам, қалай қарайсың дегенді. Өзі келіп айтты. Және де бұл жұмысқа мені сынақ мерзіммен алыңыздар дегенді өз аузымен айтқанын әлі ұмытқан жоқпын.».

Тіс қаққан, мол тәжірибелі шенеуніктің назарын өзіне аудартқан жігерлі жастың білімділігі мен еңбекқорлығы болатын. В.Решетняктың айтуына сүйенсек, Құдайберген Қуанұлы сол кездің өзінде-ақ неміс, ағылшын, француз тілдерін үйренуге бар ынта-жігерін сала кіріскен. Алдымен ол бұл тілдерден сабақты қала мұғалімдерінен үйреніпті де, кейін өз бетімен оқып жаттыға бастапты. Осы жылдарда ол И.П.Павловтың, В.М.Бехтеровтың т.б. ғалымдардың еңбектерімен танысып, бар ынтасын психология, педагогика, логика, рефлексология пәндерін тереңірек білуге ерекше ден қояды. Мәскеудің, Қазанның, Бакудің, Тәшкеннің, Петербордың Е.Д.Поливанов, В.А.Богородицкий, 18 И.И.Мещанинов, Ағамалы-оғлы сияқты лингвистермен хат алысып, пікірлесіп тұрады. [3] Қ.Жұбанов 1929 жылдың басында ҚазПИ-дің қабырғасына түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер ретінде келіп, сол жылы Ұлттық кадрларды даярлау мақсатында Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасына оқуға жіберіледі. Осы жылдың ақпан айында інісі Ахмет екеуі (ол кісі Ленинград консерваториясына оқуға келгенді) Ленинград қаласына келіп түседі. Қ.Жұбанов аспирантураға түсу сынағынан өтеді. Сөйтіп, ол сол кезде «Түркологиялық семинар» деп аталған, акад. А.Н.Самойлович басқарған тіл ғылымы орталығында жазға дейін болып, жалаң оқу емес, зерттеу жұмысымен де айналыса бастайды. КСРО Ғылым академиясының Тіл және ойлау институтына (қазіргі Тіл білімі институты), ондағы «Яфетидологиялық семинарға» аспирант болып ауысады. Ленинградта оқыған жылдарында Қ.Жұбанов сол жерде қызмет еткен С.Е.Малов, И.И.Мещанинов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов сияқты ірі-ірі тіл мамандарымен танысады, кейбіреулерін тыңдап, кейбіреулерінен оқып, тәрбие алады. [4]

Тұңғыш профессор 1932 жылы аспирантураны аяқтап, жолдама алып Қ.Жұбанов Алматыға оралады. Ол мұнда Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының (ҚазПИ-дің) профессоры қызметіне тағайындалады. 1934 жылдың қыркүйегінен бастап Қ.Жұбанов ҚазПИ-де тек кафедра меңгерушісі ғана емес, декан міндетін де бірге атқарады. ҚазПИ-де қызмет еткен жылдары беделді профессор Қ.Жұбанов Қазақ КСР Ағарту халық комиссариаты оқу-методикалық кеңесінің жетекшісі, КСРО Ғылым академиясының Қазақстан филиалы Лингвистика секторының меңгерушісі секілді аса абыройлы жұмыстарды қоса атқарады.

1933 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ол Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы методика, программа, оқулықтар секторының

бастығы болып қызмет етеді. Қазақ тілі жөніндегі тұңғыш монографиялық зерттеу жазып, алғашқы мектеп оқулығы мен оқу бағдарламасын жасайды. Ғалым Қ.Жұбанов қазақ филологиясы кадрларын даярлап, түлетіп өсірудегі қызметі өз алдына ұшан теңіз. 1934 жылы тіл білімі салысындағы тұңғыш профессор атағына ие болған ғалым Халық ағарту саласындағы ерен еңбегі үшін 1935 жылы «Қазақстанның 15 жылдығы» атты құрметті белгімен наградталды. 1935 жылы Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшелігіне сайланады, кезіргіше айтқанда, парламент депутаты болады.

Әдебиет:

1. Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. –Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. – 448 бет.
2. Жұбанов тағылымы: IV Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе: Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2004. –316 бет.
3. Кенжебаев К., Хасанұлы Б.. Профессор Қ. Жұбанов және ХХІ ғасыр тіл білімі, 6-11-бб.
4. Нұрпейісов Ә. Халқымыздың рухани қазынасын жасаушылар, 11-12-бб. Жұбанов Е. «Жұбанов тағылымдары» ғылым көгіне бастайды, 12-18-бб.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ - ҰЛТ ТАРИХЫНДА АЛТЫН ӘРІШПЕН АТЫ ЖАЗЫЛҒАН ДАНЫШПАН

ҚҰРМАН Н.Ж.

педагогика ғылымдарының докторы.

М.В.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалының профессоры

Астана қ., Қазақстан

nessibeli_k@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада қазақтың мақтанышы лингвист ғалымы Құдайберген Жұбановтың данышпандық болмысы туралы қарастырылады. Қ.Жұбановтың данышпандығын көрсететін белгілері нақты тілдік талдаулары негізінде жаңа құбылыстарды тану Қ.Жұбановтың ерекше қабілетін мойындатады.

Тірек сөздер: Құдайберген Жұбанов, данышпан, қазақ тілі, ұлттың болмысы.

Аннотация

В статье рассматривается гениальность Кудайбергена Жубанова, лингвиста, являющегося гордостью казахов. Признаком гениальности К. Жубанова признается особая способность К. Жубанова распознавать новые явления на основе конкретного языкового анализа.

Ключевые слова: Кудайберген Жубанов, гений, казахский язык, нация.

Abstract

The article discusses the genius of Kudaibergen Zhubanov, a linguist who is the pride of Kazakhs. K. Zhubanov's special ability to recognize new phenomena on the basis of specific language analysis is recognized as a sign of K. Zhubanov's genius.

Keywords: Kudaibergen Zhubanov, genius, Kazakh language, nation

«Данышпандар тарихты жасайды» дегеніндей, қазақ халқының тарихында, ғылыми әлемінде өзінің атын алтын әріппен жазып кеткен біртуар тұлғалардың қатарында данышпан Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі ерекше аталады. Данышпанның ерекшелігі оның болмысында тұтас ұлттың, халықтың болмысы сиып тұратындығында. Қазақ халқының данышпандығын көрсете алған, қазақтың дүниетанымының, ғылыми танымының шексіз мүмкіндіктерін көрсете алған ғалым Құдайберген Жұбановтың қазақ қоғамының рухани-адамгершілік дамуында алатын орны өте зор.

Данышпандық – тарихи категория, оның бағасын тарих анықтайтыны белгілі. Данышпан адамның тұлғасы мен артында қалдырған мұрасы уақыт өткен сайын мың сан қырымен жарқырай түсетін жақұттай болады.

Философияда данышпандықты сипаттауда оның эстетикалық сезімі өте жоғары дамыған болып келетінін айтады. Құдайберген Жұбановтың тілдік талдауларын Леонардо да Винчидің суреттерінің кереметімен салыстыратын болсақ, екі данышпанның да таныған нысандарын суреттеуде өте дәл айқындық пен нақтылық көрсетілетінін байқаймыз.

Данышпан суретші бояумен тәннің көзінің қабылдауына арналған көркем туынды жасаса, данышпан тілші ғалым тілдің тек сананың «көзімен» ғана түсінілетін тылсым құбылыстарын тура оқырманымен бірге тілдің ішінде жүргендей етіп дәл және айқын сипаттайды. Қарапайым адамның назарынан өтіп кететін жайттар данышпанның еңбектерінде айқын көрініс тауып жатады.

Қ.Жұбановтың қазақ тілі жөніндегі зерттеулерін талдау барысында қазақ тілінің диахрондық және синхрондық ерекшеліктері еркін түрде және соншалықты әсем жеңілдікпен (виртуозно) бірімен екіншісі үйлесіп талданғанын көру ғылыми шығарманың эмоциялық қуат беретін тылсым күшін сезіну деп түсінеміз. Өйткені Қ.Жұбановтың қазақ тілінің фонетикасын, грамматикасын этимологиясымен және түркі тілдерінің қатарларымен қоса бір мезетте талдауы және белгілі бір тұжырымдар шығарып отыруы - алапат шығармашылық қуаттың нәтижесі.

Қ.Жұбанов: «Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды, таза ел жоқ. Білімпаздар қазақты ХҮ-ХҮІ ғасырда құралған деседі. Ел құранды болғандықтан, тіл де құранды болмақ. .. Бұрынғыны білу – жәй әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы», -деп көрсетеді. [1]

Қазақ тілінің құрамындағы сөздердің қазақ халқы өткен тарихи жолмен тікелей байланыстылығын біздіңше «көрші-қолаң», «ыдыс-аяқ» т.б. қос сөздердің қолданысынан да көруге болады. Қос сөз құрамындағы әр сөз қазақ халқының құрамына енген тайпа, ру, халықтың сөз болуы да ықтимал.

Жалпы, Құдайберген Жұбановтың бір бойына жинақталып берілген табиғаттың зор таным қуатты күші оның ой жетпес тереңдік пен биіктіктегі интеллектісін айқын көрсетеді. Ғалымның кез келген құбылысты, мейлі ол тіл

болсын, мейлі күй, музыка болсын, мейлі біреудің шығармашалығы туралы болсын талдауы барысында әлемді басқара алатындай серпіліспен жұмсалып отырған ерік-жігері данышпанның санасына құбылыстың жалпы бастауына барып, одан қазіргі күйіне келіп, қайтадан бастауына барып, одан тарихи жолмен жүріп, қазіргі күйін сипаттау шеберлігі – қарапайым адамның пенделік болмысына мүмкін емес нәрсе.

Сонымен бірге Құдайберген Жұбановтың данышпандық қасиетінің ерекшелігі – тілдегі бір дыбысты талдаса да, тілді тұтастай қарап отыруы және талдау барысында шынайы деректерді көріп отыруы. Бұлай жасауына тілді талдаудың ерекше әдісін қолдануы да себеп болуы мүмкін. Ғалым өзі: «Біз тілді палеонтология жолымен тексереміз», - деп көрсетеді. [2]

Құдайберген Жұбановтың данышпандық қасиеті музыканы зерттеуінен де айқын көрінеді. Бұл тұста домбыраны зерттеуі, қазақ күйін зерттеуі туралы айтуға болады. Осындай зерттеулері арқылы қазақ халқының рухани өміріндегі құндылықтар жүйесін бір қалыпқа түсіруге үлкен үлес қосқаны белгілі. Рухы күштілер ғана рухани әлемді тани алады, байыта алады дегендей, Қ.Жұбанов қазақтың рухани тіршілігіне қатысты барлық дерлік мәселелерге талдау жасауға кіріседі және дұрыстық пен әсемдік талаптарын бірдей орындап, нәтижеге жетеді. Философтар атап өткеніндей, әсемдік пен дұрыстық сирек үйлеседі. Ал Қ.Жұбановтың еңбектерінде әсемдік пен пайдалы дұрыстық ол шығармаларды қайта-қайта оқуға ұмтылдырып, әр оқыған сайын бір жаңалық ашып отырады.

Қ.Жұбанов өзінің ерекше мүмкіндіктері бар қиялдауы мен интуициясына сүйене отырып, тіл жүйесіндегі тіпті осы күнге дейін шешілмей келе жатқан жұмбақтарды сол кезде басын бастап көрсетіп кеткен еді. Мысалы «ұял» мен «ұят», «көр» мен «көз», «семір» мен «семіз» сөздерінің түбірлері туралы ой қозғауы – осындай құбылыстың сөзжасам деңгейіндегі ерекше бір тетіктерінің функциясын тануға жетелейтін құнды ой. [3]

Қ.Жұбановтың данышпандық ойлау белгілерінің бірі ол әрдайым бөлшектен қандай да бір тұтастықты танып отырады. Оны біз ғалымның «Қазақ тілінің рамматикасы» еңбегінен айқын көре аламыз. Нақты айтқанда, фонетикалық деңгейді сипаттаған тұстардан көреміз. Әрбір сипатталып отырған фонетикалық құбылыс, тілдік бірлік жеке-дара емес, тұтас дыбыс жүйесінің маңызды буыны ретінде қарастырылады. Оқып отырған адам тұтастық ой желісінен үзілмейді.

Фонетика тарауындағы «Дыбыс қалай шығады» деген бөлімде тура дыбыстар әлеміне еніп кеткендей, өмір тіршілігімен қайната, біртұтас әлеммен біріктіріп жіберетінін сезу қиын емес. Бұл осыншама жыл бұрын жазылса да, данышпанның шығармасының таусылмас таным бұлағы бола алғандығымен байланысты деп санаймыз. [4]

Ғылыми шабыты тасқындап тұрған кезеңдерде жазылған Қ.Жұбановтың мол мұрасы, тек тілдік-лингвистикалық талдауды ғана емес, оны астарында қалған данышпан ғалымның маңдай тері мен азаматтық көзқарастарын да аршып алуымызды керек етеді.

Қ.Жұбановтың мол-мол мұрасының әлі де болса толыққанды танылмай келе жатқандығының себебі де жоқ емес. Данышпанның бір белгісі оның жазған,

жасаған туындыларының көпшілігі дерлік мистикалық, мифтік, сыры тереңде қалып жататындығында. Бірақ мұхит түбіндегі тастың да бір шайқалып жер бетіне шығатыны болады. Жастардың заманауи ойлау мүмкіндіктері Қ.Жұбановтың мұрасына жаңа тұрғыдан қарауына жетелейтініне де сенімді болуымыз керек.

Данышпанды әлеумет ортасына сыйғыза қоймайды, бірақ талантты адамдарға қызыға қарайды. Ал шындығында, таланттар өз еңбегінің ақылы болғанын қалайды. Данышпандар болса, жазған, жасаған туындыларының ешбір ақысыз пайдаланылғанына еш қарсы болмайды.

Қ.Жұбановтың Маррдың мектебінде 2 жыл оқып, тілді талдаудың ерекше әдістерін үйренген соң, қазақ тілінің табиғатын зерттеуге соншалықты жедел кірісуінде танылған тілдік құбылыстар туралы алдымен тезистер түрінде жазып алуды көздегені болуы мүмкін деп ойлаймыз. Өйткені данышпан емей, дарындылардың өзінің соңына қуын түсірген заман басталған еді.

Сондықтан көптеген мәселелерді заманауи тұрғыдан талдап, А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың терминдерін талдай отырып, ХХІ ғасырдағы қазақ тілінің грамматикалық жүйесін біртұтас қалпына келтіруге біз де қосылуымыз керек.

Әдебиет:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 3-басылымы. Алматы: Атамұра, 2010. 608 б.
2. Эфроимсон В.П. Генетика гениальности. Изд. 3-е. Москва: Тайдекс Ко, 2004. 376 с.
3. Бердяев Н.А. Смысл творчества: Опыт оправдания человека. М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2007. 668 с.
4. Чернов С.В. Новый взгляд на природу гениальности // Психология и психотехника. 2015. № 2. С. 159–174. DOI: 10.7256/2070-8955.2015.2.14131.

УДК 8

ОБ ОТРАЖЕНИИ УРОВНЯ ГРАМОТНОСТИ В ТРУДАХ К.ЖУБАНОВА

МАДИЕВА Г.Б.

**ст.преподаватель, магистр
АРУ им.К.Жубанова, г.Актобе
madievakunanova@bk.ru**

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы уровня грамотности общества в исследованиях К.Жубанова — который утверждал пересмотр казахской орфографии, что орфография и терминология, являясь важнейшими составляющими всякого культурно развивающегося языка, поскольку имеют

прямое отношение к языковым выражениям достижений всех отраслей человеческой деятельности, обуславливают зависимость уровень грамотности и культуры нации от характера орфографии ее письменного языка от терминологии.

Ключевые слова: грамотность, функциональная грамотность, компетентность, культура, искусство.

Түйіндеме

Мақалада Қ. Жұбановтың зерттеуіндегі қоғамның сауаттылық деңгейінің мәселелері қарастырылады, ол қазақ орфографиясын қайта қарауды кез-келген мәдени дамушы тілдің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, орфография мен терминология адам қызметінің барлық салаларының жетістіктерінің тілдік көрінісімен тікелей байланысты болғандықтан, ұлттың сауаттылығы мен мәдениеті деңгейінің оның жазбаша тілінің емле сипатына тәуелділігін анықтайды.

Тірек сөздер: сауаттылық, функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, мәдениет, өнер.

Abstract

The article examines the issues of the level of literacy of society in the research of K.Zhubanov, who argued the revision of the Kazakh spelling that spelling and terminology, being the most important components of any culturally developing language, since they are directly related to the linguistic expressions of achievements of all branches of human activity, cause the dependence of the level of literacy and culture of the nation on the nature of the spelling of its written language on terminology.

Keywords: literacy, functional literacy, competence, culture, art.

Под грамотностью как категории образованности принято понимать степень владения навыками чтения, письма в соответствии с грамматическими нормами родного языка, т.е. грамотность – это отсутствие грамматических и стилистических ошибок, соответствие письменной и устной речи нормам литературного языка, а также это – владение необходимыми знаниями, сведениями в какой-либо области. Конкретное содержание понятия грамотности исторически изменчиво, имеет тенденцию к расширению с ростом общественных требований к развитию индивида: от элементарных умений читать, писать, считать – к владению некоторым комплексом различных общественно необходимых знаний и навыков, позволяющих человеку сознательно участвовать в социальных процессах [1], т.е. это функциональная грамотность, включающая в себя способность, умение, компетентность, знания (достаточные для осуществления какого – либо вида деятельности).

Уровень грамотности в значительной степени зависит от качества обучения, как и охват грамотностью широких масс также тесно связан с процессом обучения. Действительно, когда-то понятие грамотности и обучения во многих обществах были почти синонимичными.

В таких странах, как Шумер и Китай расширение сети школ было тесно связано с развитием письменности и эти государства сами были заинтересованы, прежде всего, в обучении грамоте и взрослых, и детей. Сегодня кажется невообразимым, чтобы современные, технологически развитые общества могли обходиться без школ, призванных обеспечить высокий уровень грамотности.

Следовательно, неоправданно было бы ожидать, что можно построить современное, грамотное общество лишь посредством развития школ и процесса обучения чтению и письму. Школы имеют тенденцию отражать состояние общества, а не менять его кардинально.

В Западных обществах высокий уровень грамотности всего общества достигнут благодаря новейшим методам обучения и развития грамотности. Фактически, грамотность включает развитые навыки чтения, письма и интерпретации разного уровня вида текстов. Более высокий уровень грамотности зависит от уровня владения и языковой компетенцией, и специализированных совокупностей знаний.

Когда то в дискуссии о необходимости пересмотра казахской орфографии Кудайбергенов Жубанов утверждал, что для молодой тогда Казахской республики крайне необходимо создание такой орфографии казахского языка, которая стала бы максимальным доступной широким трудящимся массам, легкой для усвоения.

В своей статье —к пересмотру казахской орфографии К.Жубанов утверждает, что орфография и терминология, являясь важнейшими составляющими всякого культурно развивающегося языка, поскольку имеют прямое отношение к языковым выражениям достижений всех отраслей человеческой деятельности, обуславливают зависимость уровень грамотности и культуры нации от характера орфографии ее письменного языка от терминологии. Говоря о классовой природе орфографии, Жубанов цитирует Ф.Энгельса, приводит пример современную на тот период времени английскую орфографию: —А если принять внимание запутанную английскую орфографию, при которой чтение является истинным искусством и может быть постигнуто лишь после долгого изучения, то невежество рабочего класса окажется вполне естественным. Писать вполне умеют лишь немногие, а лишь орфографию правильно не умеют даже многие образованные люди (Соч.Маркса и Энгельса, т.3. с 403) .

Тут правомерен вывод Жубанова: «...если даже такая запутанная орфография была совместима с передовой буржуазной культурой, какая налицо в Англии, Америке, то при диктатуре пролетариата вовсе не может быть речи о подобающем развитии культуры, когда она, культура, недоступна трудящимся массам-самими носителям культуры» [3,516]. Выступая против «какого бы то ни было запутывания орфографии множество исключений и обилием не отвечающих языковой действительности «академических правил», Жубанов отвергает как неприемлемую, распространённую в «в известных кругах ссылку на запутанную английскую орфографию, которая не помешала англичанам стать передовым культурным народом», также как считает «несостоятельными доводы А.Букейханова о том, что наилучший способ письма в мире японский-не

помешал японцам подняться до уровня европейской цивилизации» («Энбекши-казак», 1924).

В отличие от Европы, где при всей кастовости буржуазной культуры все же каждая официальная нация имеет лишь один литературный язык в Японии наличествует несколько литературных языков, представляющих собой последовательные ступени по трудности, со специальными приемами письма для каждой разновидности литературного языка, что особенно затрудняет овладение культурой широкими массами. Но все эти сложности способов письма имеют оправдание в том только общественном строе, который господствует в Японии и который всем своим существом заинтересован в запутанности алфавита и орфографии, чтобы сделать их недоступными для трудящихся » [3,516].

На основании изложенных доводов Жубанов выдвигает первое и основное требование, которое должно быть соблюдено при разработке казахской орфографии - это максимальная легкость для усвоения ее широкими трудящимися массами, без чрезмерного упрощения орфографии, когда «численность правил и исключений переходит по своей минимальности известные грани и такая мнимая «простота» дает отрицательные результаты». Если перечень правил меньше только потому, что содержит не все правила, какие должны быть,- пишет ученый, а исключений меньше не потому, что их мало в действительности, а потому что перечнем охвачены не все исключения, то такая орфография не может облегчить усвоение грамоты, а скорее всего затруднит и даже сделает невозможным грамотное письмо на данном языке.

Именно такой и являлась существовавшая на тот период казахская орфография, «простота» которой наоборот стала причиной безграмотного письма населения... . В качестве примера в подтверждение своих доводов Жубанов приводит слово «коммунист», написание которого на тот момент встречалось в 16 вариантах. Корень зла здесь лежит не в заимствованных иностранных словах, как «коммунист», пишет Жубанов, и не в самих пишущих, которым «не за что ухватиться, чтобы спастись от орфографической анархии», а в самой орфографии, одной из правил которой гласит: «В основу орфографии заимствуемых иностранных слов-терминов положить действующие звуковые и морфологические законы казахского языка. (Стенографический отчет орфографической конференции, 1929 г.,с.139) ».

Отсутствие строгого критерия правильного написания слов, по мнению Жубанова, и «приводило правописание в такое состояние, когда грамотное письмо стало невозможным. И это привело к тому, что орфография, призванная быть регулятором индивидуальных вкусов в письме, в силу забвения авторами тех основных ее задач превратилась в свою противоположность, стала источником анархии. И это не только в отношении правописания международных терминов, но и собственно казахских слов» [3,517].

На основании глубокого анализа сложившейся ситуации в вопросах орфографии Жубанов выдвигает следующее важное требование к ее пересмотру: избегать упрощенства, искусственных уменьшений числа правил и исключений,

и создание такой орфографии, совокупность правил которой отразила бы необходимый минимум реально существующих норм казахского языка.

В целом же, анализируя причины подобной анархии в орфографии, исследователь развивает мысль об условности литературных норм какого бы то ни было национального языка конкретным историческим отрезком времени, в течение которого язык живет и развивается: «Авторы же существующей орфографии забыли, что не бывает языков вне времени и пространства, а лишь существуют языки определенного времени, определенного места, определенным образом организованного языкового коллектива. Так как нет и не может быть вневременного языка, то выяснить временную определенность, временное различие языков равносильно выяснению различий одного языка от другого.

Ученый выдвигает последнее требование к новой орфографии следующего характера «Орфография 1929 года, скроенная по росту дореволюционного казахского языка, а поэтому консервирующая его на дореволюционном уровне, изолируя казахский язык от окружения, создала анархию в письме и вместе с тем послужила большим препятствием для дальнейшего нашего языкового развития.

Отсюда неоспорима законность следующего требования, которое должно быть предъявлено к пересмотру казахской орфографии, а именно требования создать такое орфографическое условие, которое бы не задерживало и облегчало дальнейшее развитие казахского языка путем всяческого поощрения прогрессивных тенденций, намечающихся в самом языке» [3, 520].

Чтобы приблизить письменность, эта письменность должна быть легкой, доступной для простого народа. До тех пор, пока простой народ не взял в руки правительство, эта письменность была недоступна, она была лишь долей высшего общества. Поэтому та письменность не смогла впитаться (распространяться) внутри простого народа. Не смогла объединить язык массы. Теперь, когда письменность стала доступной, можно объединить язык, но не языки. Человек – это активное существо, оно может изменить и свой быт, и свой язык. И не только с помощью письменности, но и через разные хозяйственно-социологические условия. Эти условия могут объединить не только тюркские, но и языки всего человечества [3,517].

Возвращаясь к разговору о функциональной грамотности, надо отметить, что функциональная грамотность является своего рода мерилем социально-трудовой адаптации человека к жизни и деятельности в обществе и влиять на распределение социальных ролей и профессиональных функций. В более широком смысле функциональная грамотность выступает как способ социальной ориентации личности, интегрирующей связь образования с многоплановой человеческой деятельностью. Функционально грамотный человек – это человек, подготовленный к выбору и дальнейшему получению образования, саморазвитию своих личностных качеств и образовательного потенциала, к развитию профессиональной компетентности, к мобильности на рынке труда, к сознательному осуществлению преобразовательной деятельности [4].

Наряду с понятием функциональной грамотности сегодня большое значение приобретает владение ключевыми компетенциями. Ключевая

компетенция –это область деятельности, знаний, в которой личность достигла наибольших успехов и которая является главным фактором этих достижений. Впервые термин ключевой компетенции был введен американскими учеными Г.Хамел и К.Прахаалд в 1990 г. Он применялся в сфере создания моделей стратегического управления. [5].

Современный период развития четко обозначил новые приоритеты в области высшего образования, соответствующие мировым тенденциям. Обществу нужны современно образованные, нравственно воспитанные, предприимчивые люди, которые могут самостоятельно принимать ответственные решения в ситуациях выбора, прогнозируя их возможные последствия, способные к сотрудничеству, отличающиеся мобильностью, динамизмом, конструктивностью [6].

Без развития грамотности населения и знаний нельзя решить насущные проблемы современности, настоятельно нуждающейся в высокообразованных специалистах, умеющих не растеряться в рыночных условиях, а найти применение своим знаниям и умениям.

Литература:

1. wwwKM ru.
2. Harvery J. Graff. Literacy and Social Development in the West: A.Reader. 1981.(www. Britannika.com 379 encyclopaedia).
3. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. Алматы:Гылым, 1999.-с581.
4. Национальный план развития функциональной грамотности учащихся Республики Казахстан.
5. Ball Nicole, Milton Leitenberg. The Structure of the Defense Inustry: An International Survey, 1983 (www.Britannika.com 1 encyclopaedia).
6. Агаркова Е.И. Моделирование системы повышения профессионально-педагогической компетентности специалиста в условиях ИПКРО: Дис.канд.пед.наук Е.И.Агаркова, Тамбов, 2004.-225 с.

УДК 379.8

ДОСУГ ДЕТЕЙ: СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ И СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ В КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВЫХ ЦЕНТРАХ

САУЛЕБАЕВ С.Т.

ЗКУ им. М. Утемисова, г. Уральск
sultan.saulebaev.talgat@gmail.com

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые аспекты организации досуга, отдыха подростков в учреждениях культуры. Досуг подростков в современном обществе занимает центральное место, представляя собой не только время отдыха, но и важный фактор развития личности. В рамках культурно-досуговых центров

создаются условия для творческого самовыражения, социального взаимодействия и обогащения духовного мира детей.

Ключевые слова: подростки, досуг, целенаправленность, систематичность, культурно-досуговые центры, духовно-нравственное формирование.

Түйіндеме

Мақалада мәдениет мекемелерінде жасөспірімдердің бос уақытын, демалысын ұйымдастырудың кейбір аспектілері қарастырылады. Қазіргі қоғамдағы жасөспірімдердің бос уақыты орталық болып табылады, бұл демалыс уақытын ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны дамытудың маңызды факторын білдіреді. Мәдени-демалыс орталықтары шеңберінде шығармашылық өзін-өзі көрсету, әлеуметтік өзара іс-қимыл және балалардың рухани әлемін байыту үшін жағдайлар жасалады.

Тірек сөздер: жасөспірімдер, бос уақыт, фокус, жүйелілік, мәдени-демалыс орталықтары, рухани-адамгершілік қалыптастыру.

Abstract

The article discusses some aspects of organizing leisure and recreation activities for teenagers in cultural institutions. Leisure time for teenagers in modern society plays a central role, representing not only a period of relaxation, but also an important factor in personal development. Through cultural and recreational centers, conditions are created for children to express themselves creatively, interact socially, and enrich their spiritual world.

Keywords: teenagers, leisure, purposefulness, systematic approach, cultural and leisure centers, spiritual and moral development.

Современная культура это сложное многоплановое явление. Она отражает необратимые демократические изменения: сменилась модель социального развития, которая характеризуется избавлением от старых догм и штампов, определяются тенденции развития социально-политических, экономических, культурологических проблем, решение которых невозможно без духовного обновления, возрождения истинных нравственных ценностей и идеалов. Особая роль в духовно-нравственном формировании подрастающего поколения отводятся культурно-досуговым учреждениям[1].

В современном мире, где технологии и поток информации захлестывают каждый день, вопросы духовности, нравственности подрастающего поколения имеют актуальное значение. Культурно-досуговая работа представляет собой важный инструмент формирования личности и социализации подростков. Она не только позволяет им проводить свободное время с пользой, но и способствует развитию творческих способностей, социальных навыков и самореализации.

Как и всякая деятельность, досуговая деятельность является целенаправленной, систематичной, результативной, что позволяет говорить о возможности ее специальной организации.

Если рассматривать досуговую деятельность в целом, то она дифференцируется на несколько групп:

- образовательная досуговая деятельность, удовлетворяющая познавательные интересы и потребности подростков, выходящие за рамки их интересов или дополняющие их; к ней относятся, например, все виды и формы познавательной деятельности, обогащающие детей и подростков новыми знаниями, умениями и навыками, а также все виды и формы самообразования;
- любительская и общественная досуговая деятельность, удовлетворяющая потребность подростков в реализации своих способностей (например, художественных, спортивных и др.), а также потребностей в общественно полезной деятельности (например, волонтерство, охрана природы и др.);
- коммуникативная досуговая деятельность, реализующая одну из главных человеческих потребностей – потребность в общении, причем в общении с подростками одного возраста, разделяющими общие интересы; к ней относятся многообразные формы игр (подвижные, пассивные и т.д.);
- пассивный отдых, который, как правило, сводится к отказу от активной деятельности, а в современном социуме все чаще – в проведении времени в социальных сетях, использованию ИКТ-технологий (компьютерных игр и т.д.)[2].

В основном общественном мнении видеоигры рассматриваются как средство пассивного отдыха, лишенное ценности для развития личности. Однако некоторые отмечают, что с появлением технологий виртуальной реальности (VR) игры начинают требовать физической активности. Вне зависимости от формата, играющие сталкиваются с препятствиями, преодоление которых приносит удовлетворение и развивает умственные и физические способности. Особое значение придается коллективным играм, особенно в командной форме, которые способствуют формированию воли и умения подчинять свои действия общей цели. В таких играх участники организуются в коллективы, направляющие усилия каждого к общей задаче, что способствует развитию координации и социальных навыков. При выборе игр учитываются их характер, интересы и возможности участников. Важно, чтобы игра соответствовала возрастным особенностям и интересам играющих. Если препятствия слишком легки или, наоборот, слишком сложны, игра может потерять свой интерес. Кроме того, эмоциональная привлекательность игры может привести к тому, что игроки продолжают играть даже после того, как потеряли к ней интерес, что может привести к переутомлению. \ В целом, видеоигры, несмотря на свое часто негативное восприятие, имеют потенциал для развития личности через стимулирование креативного мышления, социального взаимодействия и управления ресурсами. Однако важно правильно выбирать игры и контролировать время, проведенное за ними, чтобы извлечь максимальную пользу и избежать негативных последствий.

По сравнению с другими сферами жизнедеятельности досуговая деятельность дает подросткам возможность свободного выбора вида деятельности и общения с другими людьми. Динамизм психофизиологических процессов, протекающих в детском и подростковом возрасте, часто отрицательно влияет на удовлетворение культурных потребностей личности. В связи с этим необходима специальная работа, направленная на выявление

интересов, склонностей, потребностей детей и подростков, которые становятся главными ориентирами в разработке досуговых программ. Включение детей и подростков в различные виды досуговой деятельности позволяет не только в непринужденной форме ввести их в мир культурно-эстетических и художественных ценностей и отношений, но обеспечить освоение социальных норм поведения. Исходя из сущности социального воспитания, которая заключается в освоении социальных норм поведения, были определены принципы построения данного процесса, обеспечивающие его эффективность и результативность:

- принцип индивидуализации воспитательного процесса, учитывающего личностные характеристики каждого ребенка и подростка и предоставляющего возможности выбора различных форм социального взаимодействия;

- принцип организации досуговой деятельности в различных формах социального взаимодействия (кружки, секции, коллективные творческие дела, социальные акции выставки, соревнования, экскурсии, творческие объединения и т.д.) и в сотрудничестве с различными субъектами культурновоспитательной среды;

- принцип социального закаливания, позволяющий ребенку и подростку (при оказании необходимой социально-педагогической поддержки) научиться самостоятельно преодолевать трудности, разрешать индивидуальные проблемы и конфликтные ситуации[3].

Современные подростки обладают широким спектром интересов, от цифровых развлечений до активного участия в социокультурной жизни. Однако, среди основных проблем можно выделить недостаточное внимание культурно-досуговой сферы к их интересам и потребностям. Социальные медиа и современные технологии играют значительную роль в жизни подростков и могут быть эффективным инструментом для привлечения их в культурно-досуговую деятельность. Проведение онлайн-мероприятий, использование интерактивных медиа-платформ и социальных сетей позволяет достичь более широкой аудитории и удержать ее внимание.

Участие подростков в организации и планировании культурно-досуговых мероприятий не только способствует их личностному развитию, духовно-нравственному формированию, но и делают программу более релевантной и привлекательной для данной аудитории. Это также помогает сформировать у подростков чувство ответственности и вовлеченности в общественную жизнь.

В учреждениях культуры подростки, являясь соучастником действия учатся воспринимать общественные ценности, социальные нормы, сильнее и ярче проявлять способности, активно участвовать в культурной жизни. Чем шире возможности учреждения культуры для предметной деятельности, тем выше уровень восприятия общественной жизни, успешнее идет развитие творческой активности личности[4].

Мақалада ағылшын тілі мысалында жоғары оқу орындарының студенттерін оқыту кезінде soft skills дамуының өзектілігі және soft skills-тің кәсіби дамудағы рөлі қарастырылады. Мақалада жұмыс берушілердің заманауи талаптарына сәйкес осындай дағдыларды Белсенді қалыптастыру қажеттілігі негізделген. Жұмыс барысында soft skills тұжырымдамасының мазмұндық талдауы зерттелді, әдебиеттің тиісті тақырыбына теориялық талдау жүргізілді және soft skills дағдыларын меңгеру тұрғысынан заманауи мамандарға қойылатын талаптар зерттелді. Бұл мақаланың пәндік саласы ағылшын тілі болып табылады, өйткені soft skills мүмкіндіктерін қалыптастыру өрісі, өйткені ол қазіргі заманғы мамандардың кәсіби білімінің ажырамас бөлігі болып табылады, нәтижесінде жаһандану құралы және елдің, соның ішінде экономиканың әлемдік аренаға шығуы.

Түйін сөздер: жұмсақ дағдылар, икемді дағдылар, кәсіби құзыреттілік, тілдік оқыту, еңбек нарығы

Аннотация

В статье рассматривается актуальность развития soft skills во время обучения студентов вузов на примере английского языка, и роли soft skills в профессиональном развитии. В статье обоснована необходимость активного формирования таких навыков, в соответствии с современными требованиями работодателей. В процессе работы исследовался контент-анализ понятия soft skills, был проведен теоретический анализ соответствующей теме литературы и изучены требования к современным специалистам в разрезе владения навыками soft skills. Предметной областью данной статьи является английский язык, как

поле формирования возможностей soft skills, так как он является неотъемлемой частью профессионального образования современных специалистов, и как следствие, инструментом глобализации и выхода страны, в том числе экономики, на мировую арену.

Ключевые слова: soft skills, гибкие навыки, профессиональные компетенции, языковое обучение, рынок труда

The current stage of society's development, dynamic changes in approaches to educational policy, the demands that employers place on university graduates - all these factors undoubtedly lead to trends in changing approaches to learning at all levels of education. The extent to which the professional competencies of students, and subsequently future specialists, will be formed will depend on university teachers. At the moment, there is a gap between modern requirements for a specialist and education. Teaching students a foreign language, teachers set themselves many goals to achieve learning outcomes: the formation and development of communication skills in all types of speech activity, familiarization with foreign language culture and the development of creative potential, the development of a linguistic personality. In the current situation in the education of young people, the terms soft skills and hard skills have appeared.

Let's talk about these terms. Soft skills are "soft" or "flexible" skills that are not related to professional skills, but are extremely useful for working with people and solving life problems. No matter how good a specialist you are, you will not succeed in your career without having "human" qualities. The term soft skills refers to the ability to find a common language with colleagues, friends, be flexible, adapt to any circumstances. Solid skills are the professional qualities necessary to perform professional tasks. The list of "difficult" skills will be different for each specialty. For a bricklayer, it is the ability to work with various tools and materials, and for an artist, it is the ability to draw and use graphic editors [1, 34-35].

Hard skills are professional skills that can be learned over time, and their effectiveness is measured by the result of the work done. These are sustainable skills that are clearly defined by the employer, included in the list of employee requirements and job descriptions. Experts from reputable universities have found that 85% of success in any professional field is flexible skills, while solid skills account for only 15%. As a result, it was revealed that the productivity rating is headed by specialists with well-trained soft skills, and the key skills are communication skills, creativity, leadership qualities and the ability to empathize [4, 451].

How to develop these qualities in foreign studies at the university? It is believed that flexible skills have been inherent in us since childhood; they are associated with emotional intelligence. Soft skills develop throughout life in the process of acquiring life experience, and it is very difficult to master certain qualities in a training or course. That's why employers value flexible employees. However, it is possible to develop soft skills in adulthood. Here are the most valuable of soft skills and ways to form them: Sociability is the exchange of information between people through dialogue, used not only in the business sphere, but also in everyday life. To develop the skill, you need to

talk more often, make presentations, participate in discussions at conferences, and take an active part in conferences.

Creative thinking is the solution to non-standard situations in the classroom and in life. Critical thinking - you need to develop observation and logic, learn how to ask questions and analyze the behavior of others. Project management is the ability to distribute responsibilities, organize the work of subordinates, graduate students and other specialists to achieve a common goal.

Projects in English will help with this. Mentoring is teaching others what you can do. Learning is the tendency to assimilate new information and apply it in life. Ecological thinking is the ability to consciously relate to what is happening without harm to oneself and the environment, to be responsible for actions, and to enjoy the results achieved. To develop the ability, it is enough to learn to see the good in everything, and not respond with negativity to negativity. Each soft skill develops in stages and requires regular practice. The more practical the use, the better the ability is pumped. Hard skills are formed for specific tasks during the training period at any stage of life, based on the terms of reference. You can take special advanced training courses, trainings, and online training to develop those skills that are not enough to do a certain job.

So, soft skills are characterized by: the presence of well-developed emotional intelligence (or predisposition to it); adaptation to a specific audience or situation; the ability to find a common language with people, negotiate; creative thinking, teamwork, the makings of a leader; creativity; stress tolerance; tact and flexibility; the ability to diplomacy [2,64]. Let's take the situation of developing a student's creativity in a classroom at a university. In English, creativity is translated as - creativity. Here are the sayings with this word. There is no life without creativity. The body is dying. But I reserve creativity for myself. Creativity is necessary for the life of the body.

Students' creativity is thought, internal programming, and inference. In learning situations, they increase their creativity when given a task that they have to analyze and draw conclusions. The atmosphere of creativity is created with the help of problematic learning situations, which are characterized by incompleteness or openness to the integration of new elements, which leads to the creation of many options. In the process of creativity, search and creative tasks are solved. Creative activity is based on the use of already known knowledge and is aimed at the realization of their own ideas. Creativity is the creation of material and spiritual values, the production of new ideas, discoveries and inventions. Research work is often identified with the scientific work of students [2, 32]. In our opinion, a more comprehensive concept is scientific and technical creativity. We believe that the end result of creativity is necessarily the creation of something new, the exploration of the unknown. The result of the creativity of students studying a foreign language is speech, verbalization of emotional and personal attitude to the problem under discussion, writing essays, composing crosswords, creating presentations, videos, etc. Creative tasks are always aimed at finding an independent or group way to solve a problem, creating subjectively or objectively new knowledge. To implement the methodological task of forming a creative personality, it is necessary to go through a number of stages. In the process of learning to read, we relied on the theory of the gradual formation of mental actions and

concepts. The content of the stages changed in accordance with the increasing difficulties, the semantic perception of the literary text, formulated by mental actions, and the age of the students. The American writer's story About Henry "The Gift of the Magy" was taken as an educational material. Students get acquainted and make up a new vocabulary, then translate lexical units in English. After working out the vocabulary, students perform a series of exercises that contribute to the expansion of conversational and language skills. Students draw important conclusions that form the concept of happiness.

- a) Why are some people happy and others not?
- b) Do you feel happy? Can you say the same about yourself?
- c) Why can you be happy? What does your happiness depend on?
- d) Explain word happiness.

In English classes, linguists and philologists use films, music, and songs to create an atmosphere of deep penetration into the culture of the language. Each type of work has its own task algorithm. Writing a script for a film, translating poems and rhymes, staging theatrical performances and performing songs of his own composition, etc. The introduction of innovative methods based on the differentiation of creativity leads to active interaction, joint creativity of students and teachers. It is the creative tasks that involve the student group in productive creative activity in the classroom. A creative approach to business allows you to conduct it more efficiently, at a high level. Creative non-standard thinking is a path to improvement and progress, it allows you to better understand the logic of a foreign language, it is easier to memorize new vocabulary and use new constructions in speech earlier. Thus, using different methods and forms of creative learning, the teacher contributes to the development of the student's character, teaches him to see all the colors of the world around him, to create, not to be afraid of routine work and life. Creativity is the sprouts that make up the life and career of our students.

References:

1. Abashkina O. Soft skills: the key to a career [Electronic resource]. URL: <http://www.pro-personal.ru/article/7811-soft-skills-klyuch-k-karere> (date of application: 09.12.2019)
2. Berkovich M.A. Kofanova T.V., Tikhonova S.S. Soft skills (soft competencies) of a bachelor: assessment of the state and directions of formation. – Bulletin of the VSU. Series: Economics and Management, 2018. –No4. –pp. 64-68.
3. Barinova S.E. On the development of students' creative abilities by means of a foreign language // Foreign languages at school. 2012. No. 9.pp. 32-34.
4. Gilford J. P. Creativity // American psychologist. 1950. Vol. 5. Issue 9.pp. 444-454.

ПРИЁМЫ РАБОТЫ С ТЕРМИНОЛОГИЕЙ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ В ВУЗЕ

САЛАМАТИНА ГУЛЬНАР АБИЛОВНА

преподаватель, Казахстан, Актобе, Актюбинский региональный
университет им.К.Жубанова, abilovna65@mail.ru

Аннотация

В статье представлены приемы работы с терминами, позволяющие повысить эффективность обучения русского языка в вузе. Основное внимание в работе акцентируется на разработке методических основ по усвоению терминологических единиц специальности. Автор подчеркивает, что введение терминологической лексики представляет собой целостную систему вводных упражнений, систематизирующих и закрепляющих новую терминологическую информацию. Основной целью является усвоение терминологической лексики данной подсистемы языка, позволяющей не только правильно воспринимать научный текст, но и активно использовать слова-термины при построении собственных высказываний в коммуникативном плане.

Ключевые слова: термины, терминология, терминологическая лексика, терминологический словарь, профессиональная деятельность.

Түйіндеме

Мақалада жоғары оқу орындарында орыс тілін оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін терминдермен жұмыс істеу әдістері келтірілген. Жұмыстағы басты назар мамандықтың терминологиялық бірліктерін игерудің әдістемелік негіздерін жасауға бағытталған. Автор терминологиялық лексиканы енгізу жаңа терминологиялық ақпаратты жүйелейтін және бекітетін кіріспе жаттығулардың тұтас жүйесі екенін атап көрсетеді. Негізгі мақсат-тілдің осы ішкі жүйесінің терминологиялық лексикасын игеру, бұл ғылыми мәтінді дұрыс қабылдауға ғана емес, сонымен қатар коммуникативті түрде өз сөздерін құруда терминдік сөздерді белсенді қолдануға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: терминдер, терминология, лексика, терминологиялық сөздік, кәсіби қызмет.

Abstrakt

The article presents techniques for working with terms that allow increasing the effectiveness of teaching Russian at a university. The main attention in the work is focused on the development of methodological foundations for the assimilation of specialty's terminological units. The author emphasizes that the introduction of terminological vocabulary is an integral system of introductory exercises that systematize and consolidate new terminological information. The main purpose is to assimilate the terminological vocabulary of this subsystem of the language, which allows not only to correctly perceive a scientific text, but also to actively use words-terms when constructing one's own statements in a communicative way.

Keywords: terms, terminology, terminological vocabulary, terminological dictionary, professional activity.

Изучение терминов в процессе обучения русского языка в высшем учебном заведении имеет большое значение, поскольку без наличия у обучающегося определенного запаса специальных слов невозможно понимание и продуцирование текстов по специальности, усложняется его участие в учебно-профессиональном дискурсе. Термины имеют огромное научное значение. Точное знание того или иного явления природы или общества требует такого же точного знания его названия – термина. Если точное понимание терминов помогает нам глубже проникнуть в ту или иную специальную область знаний, то неправильное употребление терминов или нагромождение ненужных терминов только удаляет нас от науки, преграждает доступ к знаниям. На всех этапах занятия обучающиеся должны иметь дело с образцовой речью преподавателя, отличающейся точностью, выразительностью, чистотой, богатством. Но особо остро в ситуации учебно-научного общения встает вопрос о владении преподавателем таким коммуникативным качеством речи, как точность, которая преломляется в терминологическую точность. Терминологическая точность речи преподавателя способствует формированию терминологической культуры обучающихся.

Терминологическая культура - это владение понятийно-терминологическим аппаратом на уровне, позволяющем использовать знания с учетом развитости компетенций аудитории, умение объяснять, используя упрощенные или усложненные определения, не меняя при этом содержательной составляющей, делая, таким образом, знание доступным любому собеседнику, умение точно и свободно употреблять термины в сфере научного, профессионального и повседневного общения.

В настоящее время вопрос о методах формирования терминологической культуры специалистов является дискуссионным. Работа над терминами в методической литературе рассматривается только в понятийном плане, а методика актуализации терминов в речи на стадии разработки.

В связи с этим поиск эффективных приёмов работы со специальной лексикой на занятиях по русскому языку является актуальным в современной лингводидактике.

При разработке методических основ изучения терминологических единиц специальности, прежде всего, данная работа должна быть включена в целостную систему работы по формированию языковых (лексических) и речевых умений и навыков.

Итак, лексическими умениями считаются умения понимать и правильно использовать термины в речи. Речевые предполагают, в определенной степени, свободное владение лексическим материалом, способность обучающегося творчески использовать новые слова-термины в устной и письменной речи, уметь их объяснить, запомнить и использовать в профессиональной речи.

Одной из важных задач, которых следует решить при работе по изучению терминологии специальности - организовать лексику так, чтобы снять перегрузку памяти, чтобы каждое усваиваемое термин-слово помогало запоминанию и повторению предыдущего термина. На это указывал И.Д.Салистра, который считал, что, определяя содержание обучения иностранному языку на основе речевой направленности, необходимо каким речевым материалом учащиеся должны уметь оперировать, и как он должен члениться в учебных целях; каким должен быть генеральный подход к определению последовательности усвоения материала и формирования соответствующих умений [1,154].

Запоминание термина начинается с момента его предъявления и характеризуется тем, что созданная на время ассоциативная связь между образом и словом может оказаться непрочной и быстро угасать, если ее не поддержать многократным повторением. Усвоенное ранее слово-термин необходимо включать в новые контексты, в новые ситуации, в разную сферу предметно-логических отношений для многократного повторения.

Лексическая работа в первую очередь основана на работе с текстами по специальности, которые являются источником актуальной для студентов информации, отвечают целям и задачам обучения, связаны с будущей профессиональной деятельностью обучающихся, вызывают у них интерес. Это тексты научного стиля, используя которые на занятиях по русскому языку, можно не только эффективно представить обучающимся новые специальные слова, не только отработать их произношение и разобраться в грамматических характеристиках, но и даёт возможность сформировать продуктивные и рецептивные лексические навыки.

Кроме этого, «необходимость изучения научного текста диктуется самой действительностью, теми речевыми ситуациями, в которые попадает студент при овладении своей специальностью в период учёбы»[2, 4].

Основные приёмы работы с терминологией на занятиях по русскому языку, в общем, не отличаются от лексической работы с общеупотребительными словами. Обычно это презентация (предъявление и интерпретация) нового слова, усвоение его значения и автоматизация лексических навыков. »[3, 3].

В профессионально ориентированном обучении русскому языку презентация терминов предпочтительна в контексте. Вначале полезно предоставить возможность самому обучающемуся объяснить значение специального слова.

Общеизвестно, что терминология в большинстве случаев заимствуется из других языков, и многие специальные лексические единицы понятны студентам. В ином случае можно предложить осуществить перевод специального слова на родной язык. В случае, если возникают проблемы с пониманием термина, преподаватель может использоваться такие приёмы, как демонстрация изображения, конкретизация значения путем добавления ряда существенных признаков, подбор родового слова, указание на ситуации, в которых термин может употребляться и др.

Использование синонимов или антонимов как эффективный приём в лексической работе с общеупотребительной лексикой не всегда уместен в работе со специальными лексическими единицами, поскольку большинство терминов не имеют синонимов или антонимов. Параллельно с объяснением значения отрабатывается произношение термина, а также обязательно обращается внимание на его грамматические особенности.

К примеру, если изучаемый термин – существительное или прилагательное, предлагается определить род, особенности склонения, лексическую сочетаемость. У глагола определяется вид, подбирается, по возможности, форма противоположного вида, определяются особенности спряжения и управления.

Эффективным приёмом работы с терминологической лексикой на занятиях по русскому языку становится практика составления словарей, которые студенты могут пополнять на протяжении всего периода обучения. Словари можно составлять как переводные, так и толковые, с кратким объяснением значений изучаемых слов.

Такой приём работы значительно повышает уровень овладения студентами новым лексическим материалом.

Также рекомендуем использовать и следующие приёмы работы:

- определить источник появления слова в русском языке (самостоятельно или с помощью словаря);
- определить способ образования термина;
- изменить грамматическую форму термина;
- подобрать возможные сочетания к термину (выбрать из списка или придумать самим);
- заполнить пропуски в тексте необходимыми по смыслу словами;
- дополнить или составить предложения, используя термины;
- выполнить группировку терминов по каким-либо семантическим признакам или исключить слова, которые не подходят к определённой семантической группе и др.

Первые задания должны быть направлены на опознавание изучаемых терминов и формирование навыков их употребления. Позже используются задания, которые стимулируют студентов к употреблению терминов в профессиональной речи: от составления словосочетаний до продуцирования текстов по специальности.

Опыт преподавания русского языка в вузе показал, что, несмотря на недетский возраст обучающихся, большой интерес у них вызывают игровые формы работы. В процессе лексической работы можно использовать различные викторины, игру «Поле чудес» и другие игровые приёмы. Наибольшую эффективность показали занятия, на которых чередовались игровые приёмы с неигровыми. Существуют определённые сложности в изучении специальной лексики на занятиях по РКИ. В первую очередь это вызвано тем, что существует недостаток как переводных, так и толковых терминологических словарей, которые могут помочь студентам в изучении специальной лексики.

К примеру, в сфере информатики и вычислительной техники, которая стремительно развивается, лексикографические источники быстро теряют свою ценность, и изучение специальной лексики вызывает сложности у некоторых студентов, которые не всегда владеют английским языком на достаточном уровне. Иногда у таких студентов может сформироваться ошибочное представление о значении изучаемого термина, а возможность проверить в словаре это слово отсутствует, потому что доступных для обучающихся специальных терминологических словарей недостаточно.

В связи с этим мы рекомендуем использовать коллективные, проектные формы работы со студентами, направленные на составление переводных терминологических словарей по специальности, которые смогут использовать и другие студенты в учебной и профессиональной деятельности.

Такой приём работы не только повышает уровень овладения студентами специальной терминологией, но и способствует формированию навыков работы с научным стилем речи в целом.

Литература:

1. Салистра И.Д. Очерки методов обучения иностранным языкам. - Москва: Высшая школа, 1966.- 252 с.
2. Петрова, Н. Е. Научный текст в аспекте изучения русского языка как иностранного в негуманитарном вузе / Н. Е. Петрова // Текст: филологический, социокультурный и методический аспекты: VI Международная научная конференция: сборник материалов / под ред. Г. Н. Тараносовой, И. А. Измestьевой. – Тольятти: ТГУ, 2019. – С. 241–24.
3. Колесникова А.Ф. Проблемы обучения русской лексике. - Москва: Русский язык, 1977. -80 с.3

ФРАЗЕОЛОГИЗДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ КӨРІНІСІ

СЕМБАЕВА АЙДАНА СЕМБАЙҚЫЗЫ

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 1 курс магистранты,
Қазақстан, Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті**

Түйіндеме

Бұл мақалада фразеологиялық бірліктердің сөйлемдегі синтаксистік қызметі қарастырылады. Фразеологиялық тіркестер – жаңа мағынаға ие болып, тілде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаратын сөздердің тұрақты тіркестері. Фразеологизмдердің синтаксистік қызметін зерттеу олардың сөйлем құрылымына кірігіп, тілдің басқа элементтерімен байланысын талдауды қамтиды. Сонымен қатар, фразеологиялық тіркестердің әлеуметтік желілерде

қолданылуы зерттеледі. Синтаксистік қызметтерді атқаратын фразеологиялық тіркестерге мысалдар талданады. Фразеологиялық бірліктердің синтаксистік қызметін зерттеу олардың тілдегі және қарым-қатынастағы рөлін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: Фразеологизмдер, синтаксистік қызмет, сөйлем, әлеуметтік желілер, қарым-қатынас.

Аннотация

В данной статье рассматривается синтаксическая функция фразеологизмов в предложении. Фразеологические выражения – это устойчивые сочетания слов, приобретающие новое значение и выполняющие в языке определенные синтаксические роли. Изучение синтаксической функции фразеологизмов включает в себя анализ того, как они интегрируются в структуру предложения и взаимодействуют с другими элементами языка. Кроме того, исследуется употребление фразеологических выражений в социальных сетях. Изучение синтаксической функции фразеологизмов позволяет лучше понять их роль в языке и общении.

Ключевые слова: Фразеологизмы, синтаксическая функция, предложение, глагол, прилагательное, обстоятельство, социальные сети, коммуникация.

Abstrakt

This article examines the syntactic function of phraseological units in a sentence. Phraseological expressions are stable combinations of words that acquire new meaning and perform certain syntactic roles in the language. The study of the syntactic function of phraseological units includes an analysis of how they are integrated into the structure of a sentence and interact with other elements of language. In addition, the use of phraseological expressions in social networks is studied. Studying the syntactic function of phraseological units allows us to better understand their role in language and communication.

Key words: Phraseologisms, syntactic function, sentence, verb, adjective, circumstance, social networks, communication.

Фразеологизмдер жеке сөздердегі мағынадан өзгеше жаңамағынаға ие болатын сөздердің немесе сөз тіркестерінің тұрақты тіркестері. Олар тілде маңызды рөл атқарып, оны мәнерлілік құралдарымен байытады. Алайда фразеологизмдер сөйлемде лексикалық мағынасымен қатар белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады.

Қазақ тіл біліміндегі тұрақты тіркестерді қарастыру мәселесі І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тіл» еңбегінен бастау алады. Кейінгі Х.Қожахметова, Ө.Айтбаевтың кандидаттық диссертацияларын айтсақ болады. Фразеологизмдер мен олардың синтаксистік қызметі туралы аталмыш ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. Олар фразеологиялық тіркестердің сөйлем құрамына қалай кіретінін және олардың сөйлемнің басқа элементтерімен байланысын зерттейді. Фразалық тіркестер мен идиоматикалық тіркестер сөйлемде әр түрлі синтаксистік қызмет атқара алады. Фразеологизмдер зат есім,

етістік, сын есім, үстеу, т.б. тоғыз сөз таптарында болып, әр түрлі сөйлем мүшелерінің қызметінде бола алады. Мысалы, «өтірікшінің шын сөзі зая» фразеологиялық тіркесіндегі «сөзі зая» тіркесі етістік, баяндауыштық қызметін, ал «өтірікшінің» – зат есім, ілік септігінде тұрып анықтауыш қызметін атқарады. [1]

Фразеологизмдер сөйлемде әр түрлі қызметте қолданылуы мүмкін: субъект, предикат, объект, жағдай және атрибут ретінде. Аталмыш қызметтердің әрқайсысына тоқтап, «Абай жолы» романынан мысалдар келтіріп, сөйлем мүшелеріне талдап, қарастырайық: [5]

- Бастауыш қызметіндегі тұрақты тіркестер.

1. **Қу таңдай** тақылдады да бітті дейді. (кім?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *Таңдайы тақылдап қалған, сөзуар.*

2. Осындай **қолтыққа бүріккен дем** өзі ызамен томырылып отырған Сүгірге анық қамшы болды. (не?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *Желіктірді, қайрады, жел берді, шағыстырды, бірдеңеге айдап салды.*

- Баяндауыш қызметіндегі фразеологизмдер:

1. Тіктеп қараса, құдағиының жүзі **өрт сөндіргендей** екен. (не істеді?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *Бет-әлпеті түтіккен, қап-қара болып түнерген.*

2. **Көз байланып қалған еді.** (не істеді?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *а) Алдап, арбау. Түн, бұғау, алдау, арбау, дін, шарият; ә) Сиқырлықпен адам нанғысыз нәрселерді жасау, фокус.*

3. Әй, **тіліне шоқ түссін**, қан шелек! – деп, ұялғаннан күліп жіберді. (не болсын?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *қарғыс: Тілің кесілгір.*

- Толықтауыш қызметінде болуы:

1. Дәл сол үйдің шаңырағына, әкем анау қаралы үйде отырғанда, мынау **қос қара бетті** осы түнде асып өлтірсем деп тұрмын! – деді. (кімді?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *Қарауға бет жоқ; ұятсыз, арсыз, жексұрын.*

- Анықтауыш қызметіндегі тұрақты тіркестер:

1. Қуыс шатты ең соңғы мекені еткен **кәрі арқардың келте соқпағындай аз** тірлігім қалды. (қай?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *Қартайған, ұсқынынан айырылған, арса-арсасы шыққан.*

2. **"Тұнығымды ылайлады", "тұнығымды лайлады-ау әлгі!"** **деген** бір сөздерді өз ішінен неше қайырып айтты. (қай?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *1. Суды қоюландыру, былғау.*

2. *Бүлдіру, ластандыру.*

- Пысықтауыш қызметте келуі:

1. Олжай іші болса, үстіндегі аспан жарылып, **жай оты төгілгендей өректің** бүлінді. (қалай?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *Астан-кестені шығып, іші аласұрып өзгеріп сала бергендей деген мағынада.*

2. Жауынды, бейуақ ішінде **елп еткен үміттей бопкешкі** оттар жылт-жылт көрінді. (қалай?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *а) Желп етті. ә) Байқалды, білінді, сезілді.*

3. Оспан Абайға енді **сызды қабақпен** тура қарады. (қалай?)

Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *Сызданып қарайтын, түксиген қабақ.*

Фразеологиялық бірліктерді сөйлемде қолдану грамматикалық ережелерді сақтауды және сөйлемнің мағыналық үйлесімділігін сақтауды талап ететінін есте ұстаған жөн. [3;4]

Әлеуметтік желілерде идиомалар мен фразеологиялық тіркестердің қолданылуы да зерттеушілерді қызықтырады. Идиомалар өзінің экспрессивтілігі мен эмоционалды коннотациясына байланысты әлеуметтік желілердегі хабарламаларда әзіл, ирония немесе сарказм әсерін жасау үшін жиі қолданылады. Оларды тақырыптар, түсініктемелер немесе хэштегтер ретінде пайдалануға болады. Әлеуметтік желілерде идиомаларды пайдалану коммуникацияларды байыту және аудитория назарын аударудың қызықты және тиімді әдісі болуы мүмкін. Төменде инстаграм әлеуметтік желісінде қолданылатын фразеологиялық тіркестердің хэштег түрінде қолданылуы және сол сілтеме бойынша пост, яғни жазбалар саны қарастырылып көрсетілген:

«Ағама жеңгем сай»

#ағамажеңге

#ағамажеңгемсай
1 публикация

#ағамажеңгемсай 😊😂😂
1 публикация

«Ақ саусақ»

#ақсаусақ

#ақсаусақ
20 публикаций

#ақсаусақемеспінәйтуір
1 публикация

#ақсаусақемеспінәйтуір 😊
1 публикация

#ақсаусақемеспінәйтуір
1 публикация

#ақсаусақболғымкелмейді
1 публикация

#ақсаусақ_достарыңды_белгіле
1 публикация

#ақсаусаққыз
1 публикация

«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған»

#қойүстінебозторғай

- # #қойүстінебозторғайжұмыртқалайтынз...
4 публикаций
- # #қойүстінебозторғайжұмыртқалағанза...
23 публикаций
- # #қойүстінебозторғайжұмыртқалағанза...
5 публикаций
- # #қойүстінебозторғайжұмыртқаласын
1 публикация

«Арқа сүйерім»

Поисковый запрос

#арқас

- # #арқасүйер
39 публикаций
- # #арқасүйерім
266 публикаций
- # #арқасүйерлерім
56 публикаций

«Дәм тұзы жарасқан»

#дәмтұзы

- # #дәмтұзыжарасқанқұдалықтой
2 публикаций
- # #дәмтұзыңүденболсын
1 публикация
- # #дәмтұзың
2 публикаций
- # #дәмтұзымызжарасқансөздері
2 публикаций
- # #дәмтұзымызжарасқан
2 публикаций

«Әй дейтін әже, қой дейтін қожа»

#әйдейтін

- # #әйдейтінәжеқойдейтінқожа
7 публикаций
- # #әйдейтінәжеқойдейтінқожакерек
2 публикаций
- # #әйдейтінәже
1 публикация
- # #әйдейтінәжеболдымал
1 публикация
- # #әйдейтінәжеқойдейтінқожажәк 😊 😊 ...
1 публикация
- # #әйдейтінәжеқойдейтінқожажәкзаман
1 публикация

Қолданылатын тұрақты сөз тіркестерінің бірі – «кіндік қан тамған (жер)». Жоғарыда атап өткен элеуметтік желіде 122 жазба келтіріліп, желі

қолданышулары туған жері туралы жазбада осы тұрақты сөз тіркесін пайдаланған. Сөздіктегі мағынасы туған жер деп келтіріледі. Бұл жерден фразеологизмдердің қай салада болмасын өзіндік орны бар, қолданыстағы сөздер екенін көреміз. [2]

Жалпы алғанда, әлеуметтік желілерде идиомаларды пайдалану қызықты және тиімді қарым-қатынас құралы болуы мүмкін, бірақ контекстке, аудиторияға назар аударып, оларды қолданғанда абай болу керек. Алайда сөйлемде идиомалар мен фразеологиялық тіркестер әдетте тұтас лексикалық бірлік қызметін атқарып, жеке сөздер деңгейінде талданбайтынын ескеру қажет. Олар сөйлемнің басқа элементтерінен бөлінбейтін және оның синтаксистік құрылымына әсер етуі мүмкін. Фразеологизмдер сөйлемде синтаксистік қызметтен басқа семантикалық қызметті де атқара алады. Олар сөздің немесе сөз тіркесінің синтаксистік рөлін анықтап қана қоймай, өрнекке қосымша мағына немесе реңк қоса алады. Дегенмен әлеуметтік желілерде фразеологиялық бірліктерді қолдану белгілі бір сақтық пен сауаттылықты қажет ететінін есте ұстаған жөн. Фразеологиялық тіркестерді қолдануға арналған кеңестер:

1. Мақсатты аудиторияңызды түсіну: Сіз қолданатын идиомалар әлеуметтік желілердегі ізбасарларыңызға немесе достарыңызға түсінікті екеніне көз жеткізіңіз. Кейде өрнектер белгілі бір аймаққа немесе жас тобына тән болуы мүмкін, сондықтан контекстті ескеру маңызды.

2. Мәтінді фразеологиялық бірліктермен шамадан тыс жүктемеу: Фразеологиялық тіркестерді тым жиі пайдалану мәтінді түсінуді қиындатады. Қарым-қатынастың табиғилығын жоғалтпау үшін оларды өздігінен және органикалық түрде пайдаланыңыз.

3. Онлайн форматқа бейімделу: Фразеологизмдер эмоция мен сарказмды жеткізуде өте тиімді. Дегенмен жазбаша түрде (әсіресе әлеуметтік желілерде) мимика және интонация сияқты қарым-қатынастың вербалды емес құрамдас бөлігі жоқ екенін есте ұстаған жөн.

4. Мәтінмәндік бейімделу: Фразеологизмдер әр түрлі контексте әр түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Қолданар алдында олардың шынайы мағынасын түсінгеніңізге және оларды тиісті жағдайда дұрыс қолданғаныңызға көз жеткізіңіз.

5. Шығармашылық: Сөз тіркестерін қолдану өз ойларыңыз бен идеяларыңызды білдірудің қызықты және шығармашылық тәсілі болуы мүмкін. Өзіңіздің бірегей комбинацияларыңызды ойлап көріңіз немесе фразеологиялық тіркестер негізінде мемдер жасаңыз. Бұл басқа әлеуметтік желі қолданушыларынан ерекшеленуге көмектеседі.

Қорыта келгенде, фразеологиялық бірліктер лексикалық мағынаға ие болып қана қоймай, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады. Фразеологиялық бірліктердің синтаксистік қызметін зерттеуге бұл сөз тіркестерінің сөйлем құрылымында қалай орналасатынын және олардың сөйлемнің басқа элементтерімен байланысын ажырата білу қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде идиомалар мен фразеологиялық тіркестерді қолдану олардың желілік ортадағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудегі рөлін

зерттеудің қызықты саласы болып табылады. Тіл білімі саласы кез келген саламен байланыса отырып, өзіндік ерекшеліктерін айқын әрі көркем көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Гүлдархан С..Н. Фразеологизмдердің синтаксистегі қызметі: Оқу құралы.- Алматы: «Елтаным баспасы», 2010 жыл. – 252 бет.
2. <https://sozdikqor.kz/sozdik/>
3. Бектұрғанов, Ж.И. Қазақ грамматикасы: Морфология және синтаксис. Алматы.-2012.
4. Керимова, Қ.М., Смағұлова, А.Т., Әбенова, М.С. Қазақ тілі және Қазақстан ұлттарының мәдениеті: Оқу құралы. Астана. – 2013. – 156б.
5. Әуезов М.«Абай жолы»: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 432 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

СМАГУЛОВА Г.М.

**Бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан, Ақтөбе, Қандыағаш қаласы,
«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ, gul.smag84@mail.ru**

Түйіндеме

Мақалада қазақ тілі пәнін оқытуда дәстүрлі оқыту жүйесіне қарағанда басым артықшылықтарға ие мультимедиялық технологияларды қолдану – түрлі-түсті графика мен анимацияны, дыбыстық және мәтіндік сүйемелдеуді қолдану тиімділігі қарастырылады.

Қазіргі қоғам тығыз ақпараттық желімен қоршалған. Бұл қажетті білімді алу және игеру процесін айтарлықтай жеңілдетеді және жылдамдатады. Өз кезегінде бұл мұғалімнен заманауи компьютерлік және мультимедиялық технологияларды, ақпараттық - желілік ресурстарды пайдалануды жетік меңгерумен қатар осы бағыттағы білгірліктерін ұдайы жетілдіріп отыруды талап етеді.

Тірек сөздер: мультимедиялық технологиялар, ақпараттық - желілік ресурстар, түрлі-түсті графика, анимация, дыбыстық және мәтіндік сүйемелдеу, тапсырмалар банкі, «ActivInspire» бағдарламасы, флипчарттар.

Аннотация

В статье рассматривается эффективность использования мультимедийных технологий – использование цветной графики и анимации, звукового и текстового сопровождения, обладающих приоритетными преимуществами по сравнению с традиционной системой обучения при изучении казахского языка.

Современное общество окружено плотной информационной сетью. Это значительно упрощает и ускоряет процесс получения и усвоения необходимых знаний. В свою очередь, это требует от учителя не только совершенного владения современными компьютерными и мультимедийными технологиями, использования информационно - сетевых ресурсов, но и постоянного совершенствования знаний в этом направлении.

Ключевые слова: мультимедийные технологии информационно-сетевые ресурсы, цветная графика, анимация, звуковое и текстовое сопровождение, банк задач, программа «ActivInspire», флипчарты.

Abstrakt

The article considers the effectiveness of using multimedia technologies that have priority advantages in the study of the Kazakh language in comparison with the traditional system of education – the use of color graphics and animation, sound and text accompaniment.

Modern society is surrounded by a dense information network. This greatly simplifies and accelerates the process of obtaining and mastering the necessary knowledge. In turn, this requires the teacher not only to have a perfect command of modern computer and multimedia technologies, the use of information and network resources, but also to constantly improve knowledge in this direction.

Keywords: multimedia technologies, information and network resources, color graphics, animation, sound and text support, task bank, "ActivInspire" program, flipcharts.

Еліміздегі білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі оқу процесіне компьютерлік технологияларды кеңінен енгізумен сипатталады. Бұл оқытудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді, оқытушы үшін де, білім алушылар үшін де бұрын қол жетпеген мүмкіндіктер ашады. Қазіргі қоғам тығыз ақпараттық желімен қоршалған. Бұл қажетті білімді алу және игеру процесін айтарлықтай жеңілдетеді және жылдамдатады. Мұғалімдердің осы кездегі басты міндеті - баланы осы жұмбақ әлемге жақындату, ақпаратпен жұмыс істеуге үйрету, оқушыларды оқытып қана қоймай, оларды іздеуге, зерттеуге, өзіндік жұмысқа тарту. Бүгінгі кезде оқушылардың күнделікті өмірдегі ақпараттық желідегі қарым-қатынас деңгейлерінің өте жоғары екені бәрімізге аян. Қазіргі оқушылар әрқайсысы өз қызығушылықтарына сәйкес ақпараттық желілерде көп уақыттарын өткізетіні және осы ақпараттық технологияларды ізденіске қолдануды жетік меңгергендері белгілі. Осы жағдайда мұғалімдер оқушыларды тиісті ақпараттық желідегі білім алуға қажетті ресурстарды дұрыс пайдалануға, ақпараттық толқыннан артта қалмаумен қатар дұрыс жолдан адаспауға үйретуіміз керек. Бұл өз кезегінде мұғалімнен заманауи компьютерлік және мультимедиялық технологияларды, ақпараттық - желілік ресурстарды пайдалануды жетік меңгерумен қатар осы бағыттағы білгірліктерін ұдайы жетілдіріп отыруды талап етеді. Оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын ояту үшін стандартты әдістермен шектелуге болмайды. Қазіргі кезде өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын және оқу мен тәрбие

процесінің тиімділігін жетілдіруге және арттыруға ұмтылатын мұғалімдердің жұмысын компьютерлік және мультимедиялық технологияларды, ақпараттық - желілік ресурстарды пайдаланбаусыз елестету мүмкін емес. Бүгінгі күнде мұғалім мен білім алушылардың өзара байланысы дәстүрлі ақпарат тасығыштардың – бор - тақтаның, диафильмнің, плакаттың және т.б. көмегімен ғана емес, сонымен қатар заманауи оқыту құралдары – компьютерлік техника, интерактивті тақта, ақпаратты экранға шығаруға арналған құралдар (оқу фильмі, тест тапсырмалары, презентация слайдтары және т. б.) арқылы да жүзеге асырылады. Осы арқылы мұғалімнің өз пәні бойынша тапсырмалар банкін сақтауға, толықтыруға, жүйелеуге және жедел пайдалануға мүмкіндігі бар. Мұның бәрі оқытудың көрнекілігі мен тиімділігін арттыруға, мұғалімнің өз уақытын үнемдеуге, оқу сапасын жақсартуға, озық тәжірибені оқып, тәжірибеге енгізу арқылы өзінің білім беру әдістерін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Аталған технологияларды қолдануды дамытуға соңғы жылдарғы қашықтықтан оқытуға көшудің де ықпалы болғанын атап өткен жөн деп ойлаймын.

Компьютерлік техниканы, интерактивті тақтаны, электронды оқулықтар мен кітаптарды, мультимедиа құралдарын қолдану, бағдарламалық өнімдер мен әдістемелік әзірлемелерге, білім беруді дамытуды қолдайтын ақпараттық ресурстар мен сайттарға қол жеткізу – осының барлығы мұғалімге оқытудың тиімділігін арттыруға, бұл процесті балалар мен мұғалімнің өзі үшін шығармашылықты және қызықты етуге ықпал етеді. Сонымен қатар, дәстүрлі оқыту жүйесіне қарағанда басым артықшылықтарға ие мультимедиялық технологияларды қолдану – түрлі-түсті графика мен анимацияны, дыбыстық және мәтіндік сүйемелдеуді пайдалану, даму банкін үнемі жаңартып отыру және жетілдіру, материалдарды көшірудің ыңғайлылығы сабаққа дайындалуға уақытты үнемдеуге ықпал етіп, оқу процесінің мүмкіндігін едәуір арттырады. Сондықтан да мультимедиялық технологияларды заманауи сабақтың құрылымына енгізу басым бағыттардың бірі болып табылады және бұл технологияны тек әдістемелік білімі мен дағдылары жеткілікті мұғалімдер ғана қолдана алады.

Интерактивті тақтаны қолдану көрсетілген материалға толықтырулар мен ескертулер жасауға мүмкіндік береді. Аталған тақтада қолдануға болатын материалдардың алуан түрлілігінің арқасында оқушылар жаңа білімді тезірек игереді, өзіндік идеяларды ұсынады, сабақтың сапасы айтарлықтай жақсарады. Интерактивті тақтаның әмбебаптығы оқушылардың, әсіресе ақпаратты жедел қабылдау арқылы жұмысқа белсене араласуын қамтамасыз етеді. Интерактивті тақтаны тиімді оқытуға қол жеткізу құралы ретінде пайдалану мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді, әр түрлі тақырыптағы анимациялық сабақтарды одан да қызықты етеді. Интерактивті тақтаны жаңа материалды түсіндіруде, қарым-қатынас кезінде кеңінен қолдануға болады. Тіл үйрету барысында интерактивті тақталарды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Қазақ тілін орыс тілді мектептерде интерактивті оқыту технологиясы бойынша интерактивті тақталардың тіл білімінің лексика, фонетика салаларын меңгерту мақсатындағы жаттығу жұмыстарын, грамматикалық материалдарды жандандыру, оқушының басқа тілді тыңдау арқылы қабылдауы мен сауатты жазуын қалыптастыруда,

танымдық материалдарды игеруде пайдасы зор [1.20]. Әсіресе, грамматикалық тапсырмаларды сөйлем, тұрақты тіркес, мәтін арқылы үйретуде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану жақсы нәтижелерге қол жеткізуге жол ашатыны байқалады. Ф. Оразбаеваның зерттеуінше, тілдік қатынас ешуақытта грамматиканы жеке үйретумен жүзеге аспайды. Адамға қажет тақырып, сөйлем, тұрақты тіркес, мәтін арқылы ұсынылып, грамматика сол тілдік қатынастың қажетіне қарай сұрыпталғанда ғана нәтиже береді [2.152].

Мультимедиялық технологияларды қолдану оқушылардың жаңа материалға деген қызығушылығының күрт артатынын көрсетеді, оқушыларда ойлаудың белсенділігі дамуымен қатар оңтайлы шешімдер қабылдап, дұрыс әрекет ету қабілеті қалыптасады.

Оқушыларға осы формада ұсынылған материалдар дәстүрлі сабақтарға қарағанда әлдеқайда жақсы есте сақталады және сайып келгенде тақырыпты игерудің жоғары деңгейіне әкеледі, балалардың шығармашылығын дамытуға, дарынды балаларды анықтауға және қолдауға ықпал етеді. Мультимедиялық бағдарламалар адамның барлық іс-әрекетінің түрлерін (ойлау, сөйлеу және т.б.) белсендендіреді. Қ. Қадашеваның пайымдауынша жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан – жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады [3.148].

Мультимедиялық құралдарын қазақ тілі сабағына енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болатындығын байқалды:

- ✓ Пәнге деген қызығушылықтың, оқушылардың өз бетімен жұмыстануының артуы;
- ✓ Оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауы;
- ✓ Оқу үрдісіне әр оқушының белсенді қатысуы;
- ✓ Оқушылардың танымдық шығармашылық деңгейінің артуы.

Қорытындылай келе айтатыным, елімізде азаматтарға мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу құқығының кепілділігі айқындалған [4. 47 бап, 3.1.]. Демек, қазіргі заманғы мұғалім ел азаматтарының осы ең маңызды құқықтарының бірін қамтамасыз ету үшін жоғарыда аталған заманауи оқыту технологияларын жетік меңгеріп, осы саладағы білгірліктерін ұдайы дамытып отырулары керек деп айтқым келеді. Бүгінгі таңда заманауи технологияларды қолдана отырып сабақ жүргізу мұғалімдердің алдына қойылған басты заман талаптарының бірі деп білемін.

ӘДЕБИЕТ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Әдістемелік құрал. Қазақ тілін орыс тілді мектептерде интерактивті оқыту технологиясы -2013 ж.
2. Оразбаева Ф.А. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –2001 ж.
3. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. – 2000 ж.
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

ИНСЦЕНИРОВКАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕРІ

СУЛТАНОВА М.Е.

Қазақстан, Орал қ.,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, s_mendi@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада инсценировкамен жұмыс жасау әдістері қарастырылған.

Түйін сөздер: инсценировка, әдіс, әдебиет, композиция, режиссура.

Аннотация

В статье рассматриваются методы работы над инсценировкой.

Ключевые слова: инсценировка, метод, литература, композиция, режиссура.

Abstrakt

The article discusses methods of working on staging.

Key words: staging, method, literature, composition, direction.

Театр – сөз бен образды тірілтіп өмірге әкелетін, оны көрерменнің тәжірибесіне айналдыратын өнер. ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ мәдениетінде тұңғыш рет театр өнері өркен жайып, кәсіби тұрғыда қалыптасу кезеңі бастады. Драматургтер репертуарлық ізденіс мақсатында ғасырлар қойнауынан жеткен халық шығармашылығының эпикалық туындыларын арқау етіп, Еуропа, орыс, татар әдебиеттеріндегі драмалық туындылардың жетістіктерін пайдаланып, жаңа ұлттық драматургияның ұлттық үлгілерін жасауға кірісті. Сюжеті, образдары эпостан, ауыз әдебиетінен алынған Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы көрпеш - Баян сұлу» пьесалары драматургияның жанрлық сырларын, поэтикалық ерекшеліктерін меңгерудегі қазақ инсценировкасының ең алғашқы тәжірбиелері болды. Бұл шығармаларда эпоста баяндалатын оқиғаларды диалогқа көшіру, жырдағы толғауларды өз қалпында алу, көптеген тіркестерді сөзбе - сөз пайдалану жиі кездеседі. Яғни, эпос үлгілерін сахнаға ықшамдап, актерлер ойынына лайықтап, драмалық элементтерді барынша үйлесімді пайдаланып инсценировкалау тәжірбиесін көреміз. Эпостан алынған дүниелер көп зерттеліп, авторлық идея, суреткерлік түйсік тұрғысынан зерделеніп, қайтадан құрылып шыққан. Қаламгерлер халық даналығына өз тараптарынан көп ой қосып, шынайы, типтік деңгейге көтерілген образдар жасап, драма өнерін байытты.

М.Әуезовтың «Еңлік - Кебек», «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Айман - Шолпан», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек» пьесалары - эпостық дәстүрлермен әлемдік драматургия мұрасымен шебер ұштастырудан туған кесек шығармалар, әдеби дамуға ықпал еткен ұлттық классика.

Ауыз әдебиетінің озық үлгілері, бірнеше ұрпақ өндеген аңыздар, күлкілі әңгімелер мен болған оқиғалар алғашқы комедиялық туындылардың сюжеті мен образдарының негізі болды. Мәселен, Ж Шаниннің «Торсықбай», «Айдарбек» секілді комедияларының желісі ел аузынан алынған қалпынан көп өзгеріске түспеген. Фольклор материалын сахнаға лайықтау, диалогтар жасау, кейіпкерлер мінезін айқындау, тартысты күшейту арқылы драматург төл шығармалар берген [1].

Ал, әлем театрының тарихы деректеріне назар аударар болсақ әдеби шығармаларды сахнаға лайықтап жасау тәжірибесі орта ғасырдың екінші кезеңінде қолға алына бастады. Инсценировкамен жұмыс жасау әдістері идеялар мен эмоцияларды жеткізуде және қойылымның жалпы эстетикалық тұжырымдамасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды.

Шіркеу қызметі театрдың үгіттік қасиетін өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдаланып, IX ғасырда Иса пайғамбардың тууы мен өліп, қайта тірілуіне байланысты аңыздардың эпизодтарын мистериялық қойылым түрінде көрсетуге тырысты. Осындай мистериалық қойылымдарда инсценировканың кейбір қағидаттары көріне бастайды:

- Негізге бұрын жазылған дайын материал алынады.
- Соның ішінен инсценировка үшін нақты эпизодтар таңдалады.
- Көбіне әрекеттер сахналанды (Інжіл сюжетінде тура мағанадағы сөздер қолданылмайтындықтан).
- Кейбір эпизодтардың сахналық және мазмұндық байланысына қатысты туындайтын мәселелер әрекет орнын (оқиға орнын) ауыстыру, өзгерту арқылы шешіледі [2]. Мистериалық қойылымдар орта ғасыр театрының тақырыптары шеңберін кеңейтуге ықпал жасады. Оның тәжірибесі дамыған театрлардың репертуарлық, жанрлық кемелденуіне әкелді.

